




Барлық адам балалық шағында суретші болады.

Дегенмен біршамасы ғана өскенде сол бағыттыңан айнымайды.

Пабло Пикассо

Түсіндірме хат

Қоғамдағы адамзаттық қажеттіліктер артқан сайын, кез-келген өзгерістерге шығармашылық арқылы жету, мәселелерді дәстүрлі емес және сапалы шешетін, қоғамның жылдам ырғақпен дамуына байланысты, адамдарды жағдайлары тез ауысатын өмірге дайындау қажет. Қоғамның жеке тұлғаның шығармашылық ынтасына деген қажеттілігі неғұрлым табанды болса, соғұрлым шығармашылық мәселелердің стимулын және жағдайын, оның шығу көзін теориялық тұрғыда тереңірек қарастыру қажет.

Қазіргі білім беру стратегиясы барлық білім алушыларға өз таланттарын және шығармашылық талантарын, жеке жоспарларын іске асыруларына мүмкіндік жасауда. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерімен педагогтар хабардар болып, оларды үздіксіз дамытып «арттырулары» қажет. Ұжымдық немесе жеке оқу түрі болсын бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әрекеттерімен байланысты ойлау қабілеттерін дамыту өзекті мәселе.

Білім берудің негізгі мақсаты өсіп келе жатқан ұрпақты болашаққа дайындау болып табылады. Шығармашылық – бұл осы мақсатты тиімді іске асырушы жол.

Шығармашылық – дамудың көрсеткіші креативтілік болып табылады.

Қазіргі ғылыми зерттеулер тұлғада шығармашылық дамыту бұл жалпы дамуға қайталанбас ықпал беретінін дәлелдейді: эмоциялық сферасы қалыптасады, ойлауы жетіледі, әсемдікке, өнерде және өмірде бала сезімтал бола бастайды. Сабақтағы шығармашылық тапсырмалар тұлғаның жалпы шығармашылығының дамуына, бұл өз кезегінде қайырымдылықты, қиялды, образдық – ойлауды, есті белсендіріп, байқампаздықты, интуицияны тәрбиелеп, баланың ішкі әлемін қалыптасуына себепші болады.

Шығармашылық, шығармашылық қабілеттер және олардың дамуы адамзаттың мәңгі мәселелерінің бір қатарына жатады. Ғылыми білімдердің даму тарихында бұл мәселе әртүрлі мектептердің және бағыттардың зерттеушілерінің назарын өзіне аударып келеді. Ерте кезде-

ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф.Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Бердяев).

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін балада өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болуы қажет. Өнерді қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді. Бұл жағдайда ол үшін бейнелеуді алғашқы міндет бейнелеуді шындықтың көрінісі ретінде қабылдау болады.

«Сикырлы бояулар» үйірмесі балаларды сурет салуға үйрету барысында балалардың айналасы қоршаған ортаға, туған табиғатқа және өмірдегі болып жатқан оқиғаларға деген жағымды сезімдерін ояту, балалардың бейнелеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыру міндеттерін шешуді жоспарлайды. Үйірмені ұйымдастыру барысында балалардың байқампаздығы, эстетикалық қабылдауы мен көңіл күйі, көркемдік талғамы және шығармашылық қабілеті кемелдене түседі. Балаға берілетін еркіндік оның жұмысқа деген жауапкершілігін арттырып, қиялына қанат бітіреді, баланы аса бір қуанышқа бөлейді. Сурет сабақтарында бала өзімен өзі болып, көбіне өз қабілетіне қарай өзіндік туынды жасайды.

«Сикырлы бояулар» үйірмесін ұйымдастырудың негізгі мақсаты балаларды дәстүрлі емес жолмен сурет салу техникасына үйрету.

«Сикырлы бояулар» үйірмесінде қолданылатын әдістер-тәсілдер:

- баланың қолын жазуға жаттықтырады;
- түстерді өз беттерімен үйлестіре білуге, есте сақтап сурет салуға, сурет тақырыбына байланысты образдарды құруға, қимыл – қозғалыстарды бейнелеуге, заттардың түр-түсін беруге жаттықтырады;
- шығармашылықты, қайсарлықты, тұрақтылықты дамытуға жағдай жасайды;
- алға қойған мақсатқа қол жеткізе білу, соған жету үшін кездескен қиындықтарды жеңе білу сияқты қасиеттерге тәрбиелейді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік –эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту. Сурет салудың түрлі бейнелеу іскерліктері мен дағдылары арқылы балалардың эстетикалық талғамын дамыту. Сурет салудың барлық түрлеріндегі іскерліктерін жетілдіру, бейнеленетін бейнелерді түсіну қабілеттерін тәрбиелеу мен эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.

Міндеттері

- Қоршаған ортаны көркемдік қабылдауын дамыту;
- Қоршаған орта туралы білімін нақтылау;
- Қиялын, байқағыштығы мен әлемді бейнелі қабылдауын дамыту;
- Заттар мен қоршаған ортадағы құбылыстарды түсінуі мен затқа қарап, пішінін, заттардың қатынасын, бөліктерінің орналасуы мен түсін бейнелеу тәсілдеріне үйретуді жалғастыру.

- Сурет салудың техникаларын, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастырып, сурет салу барысында дұрыс отыру, қылқаламмен және қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту.
 - Сурет салуға керекті материалдар мен құралдардың қасиеттерімен таныстыру.
 - Балалар әдебиеті суретшілерінің шығармаларымен, бейнелеу өнерінің алуан түрлерімен таныстыру.
 - Іс-әрекет мәдениетіне тәрбиелеу, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істеуге үйрету.
 - Қол бұйымдық егтерін, ұсақ моторикасын дамыту.
 - Сурет салудың түрту, монотипия, алақан, саусақпен сурет салу, кляксография тәсілін үйрету.
 - Сурет салудың шашырату тәсілін қолдана отырып сурет салуға үйрету.
 - Басқа да қосымша құралдармен сурет салуды үйрету (гуашь, акварель, воск қарындашы, жай және түрлі-түсті қарындаштар мен фломастер.
- Бағдарлама мазмұны

«Сикырлы бояулар» үйірмесінің бағдарламасы 3-6 жас аралығындағы балаларға бейімделген. «Сикырлы бояулар» үйірмесі арқылы балалардың заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жана оймен бере білуге дағдыланады. Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоциональды көңіл-күй туғызады. Бала сурет салу арқылы бірінші кезекте өзі үшін субъективті жаңа бұйымды алады, бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, нағыз шығармашылықтың тәжірибесін менгеріп, оны болашақта пайдалана білетіндей болады. «Сикырлы бояулар» үйірмесі балаларды өнер әлеміне баулуға, эстетикалық талғамын, шығармашылық құзыреттілігі мен қиялдау қабілетін дамытуға, жан құбылысын, сезімі мен ойын көркем түрде жеткізе білу талпынысын жетілдіруге, эстетикалық сезімдерін қалыптастыруға үйретеді. Балалардың тілінің дамуында, олардың сөздік қорының байи түсуіне жәрдемдеседі. Сурет салу процесінде шығармашылық қызметтің негізгі компоненттері болып табылатын белсенділік, дербестік, инициатива сияқты жеке бастың маңызды сапалары қалыптасады. Балалардың көріп есте сақтау, қиял деңгейлерін дамытуға әсерін тигізеді. Балалар сурет салуды заттың алыс, жақын, төмен, жоғары орналасу түрлерін түсіне біліп, соны салуды үйренеді. Осыарды менгерген кезде ғана балалардың сурет салудың күрделі түрі перспектива заңдылықтарын тез қолдана алуына жол ашылады. Композиция талсырмаларын орындауда алыс, жақын, алдыңғы жақта, артқы жақтарда тұрған заттарда балалар тәрбиешінің түсіндіру арқылы айыра біледі. Сонымен қатар осындай композициялық шешімдері тез түсіндіретін планшетті пайдалануға болады. Планшеттің бетіне қиылған заттардың суретін жабысып қалу арқылы композиция орындалады. Көрнекілік ретінде қолданылатын заттар мен түрлі аңдардың суреттері әр-түрлі көлемде болады. Себебі балаларға композицияның алыс, жақын, алды мен артқы жақтарында орналасқан заттарды түсіндіру үшін қажет. Мысалы, жақын жерде тұрған заттың көлемі үлкен болады да алыстағы зат кішкентай болып көрінеді. Тақырыпқа байланысты және ертегінің мазмұнына композиция салуда баланың заттарды қағаз бетіне дұрыс орналастыруына көмегін тигізеді.

жұмылдыруға мүмкіндік береді: түрлі-түсті борлар көлемді беттер мен ірі формаларды бояу жеңілдетеді: пастель түстін алуан түрлі ренкін беруге мүмкіндік жасайды. Сурет салу оқу іс-әрекетінде дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімділігі

Оқыту-тәрбиелеу процесіндегі жаңа педагогикалық технология дәстүрлі оқыту процесін мүлдем жокқа шығаруға болмай, керісінше, оны дәстүрден тыс әдіс-тәсілдермен, жаңа мақсат-міндеттермен байыту болып табылуы керек. Жаңа педагогикалық технология дегенді — тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы деп түсінетін болсақ, ол — педагогикалық жүйенің басты мақсаты: жан-жақты дамыған немесе өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Тәрбиеші жүйелеп оқыту материалдарын пайдалану арқылы балаға алған білімін өз еркімен саналы түрде, шығармашылық тұрғыда дамыта алатындай әсер етуі қажет.

Сурет салудағы жаңа педагогикалық технологиялар, ол — сонғы техникалық құралдармен жабдықталған, шығармашылық ізденістен туындаған дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс-тәсілдердің жүйелі бірілігі. Сурет салу оқу іс-әрекетінде дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді пайдалану:

1. Балаларда сурет салудың техникалық дағдыларын қалыптастыру.
2. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыру.
3. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдалана отырып, өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйрету міндеттерін шешеді.

Үйірмеде балалар сурет салу тәсілдерін құрғақ түсіндіргеннен емес, өздері тәжірибе жасау арқылы үйренеді. Балаларға сурет салу үшін көптеген құралдар беруге болады: түрлі-түсті және кара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, фломастерлер, акварель борлар, пастель, көмір, сангина, тушь, пластилин т.б. Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттар қызығушылықты арттырады. Балалар сурет салу құралдарын игергеннен кейін, оларды саналы түрде материал таңдауға әкелеміз. Бұл әдіс қиялды, елестетуді, түс пен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі. Сол сияқты балалардың жас ерекшелігіне қарай дәстүрден тыс әлістің: «баспамен», «саусақтармен» «шанырату» және т.б сурет салу да үйретіледі.

Сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдері:

1. Бастыру әдісі:

Әртүрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу. Аталмыш техника арқылы жұмыс істеу балаларда жағымды эмоция тудырады, таныс тұрмыстық заттарды көркем сурет салуға қолдану мүмкіншілігін ашады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдайтуға болады. Мысалы: жапырақ, түрлі өсімдіктер, поролон, көкөністер, жүн, алақан, қарындаштың теріс бөлігі, жіп.

2. Көкөністер бастырмасы:

Балалар бастырма көмегімен салынған бейнеге ерекше қызығушылық танытады. Әсіресе көкөніс қалдығынан балалардың көз алдында даярланған штамптар даяр сатып алғандарға қарағанда қызығушылықты үдете түседі. Картон, сәбіз, асқабақ қабығынан, және қызылшадан түрлі пішіндер жасауға болады. Мысалы: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш даярлау; картон немесе өзге көкөніс қиығында контур жасап, артығын кесу; штампты гуашка батыру немесе оған қылқалам көмегімен субою жағу; қағаз немесе мата бетіне ойлаған сурет шығатындай етіп бастыру. Штамптар көмегімен мата, кілем үлгілерінің оюын жасауға немесе ұлттық ою-өрнектерден сәндік композициялар құрастыруға болады. Жұмысқа ұлттық нақыш беру үшін жеке суреттермен ұжымдық жұмыстарды әншекейлеуде ұлттық ою-өрнектерді жүйелі қолдану өте маңызды. Балалар ою-өрнекті бейнелеу арқылы кеңістікті бағдарлауға үйренеді және олардың аттарын атап есіне сақтайды.

3. Саусақпен сурет салу» әдісі:

Саусақпен сурет салу-алақанмен, саусақпен, табанмен бейнелесудің тағы бір тамаша әдісі. Бұл әдіс гуашь, майлы бояудың қасиетін (қанықтық, жұмсақтық) сезінуге көмектеседі. Балаларға алақан немесе саусаққа әр түсті бояу жағу арқылы заттың суретін салу ұсынылады, сондай-ақ таяқша, макта, мата, поролонды қолдануға болады.

Қолдану ережесі:

- бояуды жайпақ табакқа, суды кішкентай құмыраларға құю, ал алақанмен сурет салғанда бояуды табакқа құйған жөн;
- әр саусақты бір түсті бояуға батыру, қағазға түсіріп, болған соң құмырадағы суға жуып, қағаз сүлгімен немесе ылғал шүберекпен сүрту керек.

4. Далаппен сурет салу:

Дәстүрден тыс әдістер жинағына ескі далаппен, лакпен, көз бояйтын теңмен сурет салуды жатқызуға болады. Бірақ педагог өте мұқият, сак болып, бұл заттарды бала қолы жетпейтін орынға қою керек. Бала анасының косметика қолданғанын бақылағанды ұнатады. Әдетте косметика қолдануға тыйым салынатындықтан, баланың өз анасының далабымен ойнауға деген құмары арта түседі. Сондықтан косметикалық құралдармен сурет салуды ұйымдастыру бала тілегінің орындалуына мүмкіндік тудырады және ол пайдалы іс болып саналады.

5. Нүктелер арқылы сурет салу:

Нүктелер арқылы сурет салу (нүктелі сурет) дәстүрден тыс әдіске жатады. Сурет көптеген жекеленген нүктелер арқылы бейнеленсе, онда бұл сурет салу техникасы пуантилизм деп аталады. Нүктелер саусақ немесе қылқалам ұшымен тықылдату әдісі арқылы түсіріледі, нүктелердің көлемдері ір түрлі болуы мүмкін. Нүктелер арқылы салынған сурет мозаика сияқты болады. Педагог контур нүктелерді қойып суреттің сызбасын даярлайды. Балаға нүктелерді сызықтармен қосу ұсынылады. Пайда болған бейнені аяқтауға, бояуға, сюжет ойластыруға және ат қоюға болады. Жұмысты аяқтаған соң балалар ашық түстерді немесе суық және жылы түстерді көп қолданған суреттерді топтастырады.

6. Құммен сурет салу әдісі

Балаларға құммен сурет салу өте қызықты болмақ, өйткені олар құммен ойнағанды қатты ұнататыны сөзсіз.

Қолдану ережесі:

- ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылып алынады;
- ипа желімін сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағып шығамыз;
- жағылған желімнің үстіне ыдыстағы құмды себелеп шығамыз.

7. Жиппен сурет салу.

Паракты екіге бүктейді. Жіпті бояуға салады. Боялған жіпті бүктелген қағаздың бір жағына салып, екінші жағымен бастырады. Тез арада жіпті сырғыта отырып суырып алады. Паракты ашқан кезде белгілі бір бейне шығады. Сол бейнені аяқтайды.

8.Монотипия

Паракты екіге бүктейді де бір жағына заттың жартысын салып, қағазды қайта бүктейді. Бүктелген паракты жаксылап үстінен бастырып тұрады. Ашқан кезде заттың толық бейнесі шығады.

9.Кляксография

Бала сұйық бояуға қылқаламды батырып алады да қағаздың ортасына апарып жоғары ұстап тұрады. Қағазды әрі-бері қозғалтады немесе пайда болған тамшы бояуды үрлейді.

10.Пастель (фр. pastel, итал. pastello, қысқаша pasta - камыр).

1) сырты қапталмаған, құрғақ әрі жұмсақ түрлі-түсті қаламмен салынатын кескіндеме. Пастель ұнтақталған пигменттерге желімді зат, бор, сүт, гипс, т.б. қосындыларын араластыру арқылы жасалады;

2) Пастель тесілмен салынған сурет. Пастель қаламмен суреттерді қатырма және қожырлы қағаздарға, жакпа қабатты кенепке, пергаментке салуға болады. Пастельде кескіндеме, графика әдістері де кенінен қолданылады.

11.Сулау тәсілі

Қағаздың бетін толық сулап, гуашь, акварель бояуы, бор, пастельмен сурет салады.

Тәрбиешілерге үйірмені ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

-балаларға айнала қоршаған ортадан алынған әсерлерін, қабылдағандарын бейнелеу іс-әрекетінде бере білу дағдыларын меңгерту;

- бейнелеу өнері түрлері жайында жалпы түсініктері мен көркем өнер туындыларын ажырата білу;

- өнер туындыларынан әсер алу, сипаттап әңгімелей білу дағдысын меңгерту;

- бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдары жайында (түс, сызықтар, көлем, кеңістік, композиция) қарапайым түсініктерді меңгерту;

-сурет салуға қажетті құрал-жабдықтармен жұмыс істеудің іскерліктерін игерту;

- ұлттық нақыштағы бейнелеу өнері түрлерін басқа халықтар өнерімен салыстыра, ажырата білу;

- көркем өнер туындылары арқылы көркемдік талғамын, өнердің бұт түріне деген қызығушылығын арттыру.

Баланың жұмысының сапалы болуы:

Ересектер тарапынан сауатты әдістемелік басшылыққа;

1. Тәрбиешінің кіріспе сөзі, қандай тақырыпта, қандай әдіс-тәсілді қолданатыны туралы хабарлауы;
2. Үлгіні көрсету, зерттеу, бақылау;
3. Бейнелі немесе композицияны салу жолдарын көрсету керекті құрал-жабдықтар мен материалдарды тандау;
4. Баланың өзіндік дербес іс-әрекеті;
5. Жұмысты талдау;
6. Жұмыс орынын жинастыру.

Вариативтік оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы негізгі ұстанымдар:

- Қарапайымнан күрделіге қарай үйретудегі бірізділікті сақтау;
 - Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану
 - Бейнелеу құралдарын өздері тандауға мүмкіндік беріп, жағдай жасау (бейнелеу құралдары балалардың қолдары жететін жерде орналастыру);
 - Шығармашылық қабілеттерін дамыту ойындарын енгізіп, меңгерту
- Негізгі әдістері

Көрнекілік

- Ертегілер мен мультфильм кейіпкерлерін енгізу;
- Балалардың шығармашылық жұмыстарынан көрмелер;
- Қалалық көрмелерге саяхат;
- Көркем суреттер мен иллюстрацияларды байқау;

Сөздік

- Әңгіме;
- Ойындар
- Сергіту сәттері;
- Үлкендердің әңгімесі;
- Өз жұмысы бойынша әңгіме құрастыру

Практикалық

- Бақылау;
- Зерттеу;
- Эксперимент жасау

Жұмыстың негізгі кезеңдері:

1-кезең. Қызығушылығын тудыру

Бұл этапта тәрбиеші балалардың назарын сурет салуға арналған құрал-жабдықтар мен материалдарға аударады.

2-кезең

Дағды, икемділікті қалыптастыру.

Бұл этап әр түрлі материалмен практикалық жұмыс істеу кезінде балабойында икемділік пен дағдының дамуын, қиялының дамуын, үлгіге қарап композиция құру іскерліктерін жетілдіруді көздейді. Ересек адамның ролі баланың дамуына, қызығушылық тудыруына жағдай жасау.

3-кезең

Жеке шығармашылығы

Педагогтің міндеті: дербес шығармашылығына жағдай жасау, өз бетінше ойлап, композиция құруға әр-түрлі тәсілдерді қолданып эксперимент жасауға бағыт беру.

Вариативтік компонентті ұйымдастыру.

Ойын, оқу іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылады.

Оқу іс-әрекеті вариативтік компонент ретінде ересек топтарда 36 сағат (1), 25-30 минут ұйымдастырылады. Әр оқу іс-әрекетінің тақырыбына байланысты мақсат, міндеттері алынады.

Ересек топ балаларына (5-6 жас):

- жылы және суық түстермен таныстыру, хроматикалық (түстің сарыны, қанықтылығы және ашықтылығы) және ахроматикалық (ақ, қара, сұр) түстер туралы білімдерін кенейту;
- өз тәжірибелеріне сүйеніп сурет салуды жетілдіру;
- қарапайым өрнектермен заттарды безендіруге үйрету;
- өрнектерден композиция құру іскерлігін жетілдіру;
- жанурақтарды бастыру арқылы сурет салуға үйрету;
- портрет, пейзаж (Лениншіл) және трафаретпен (Шиншилла), натюрмортпен, анималистикалық жанрмен таныстыру;
- декоративті (табақты өрнектеу), дымковты (ат, ердегі құсы) сурет салуға үйрету;
- кемпірқосақ, гүлге арналған құмыра, құмырадағы астра гүлі, күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы ағаштар, жемістер мен көкөністер, аквариум, жабайы аңдар: түлкі, қасқыр, қоян, аю, жана жылдық шырша, қысқы ағаштар, жеміктер, гүлдер, орман, күз, қыс, көктем жаз мезгілі, құстар;
- заттарды қарапайым (печатка арқылы) өрнекпен безендіру, безендіру кезінде үлкен өрнекті ортаға, кішкене өрнектерді шеттеріне орналастыруға үйрету (гүл, жануар т.б.);
- дәстүрден тыс тәсілмен (шағырату тәсілі, моногипсия тәсілі, түрту, алаканды бояуға батырып ақ қағаз бетіне қолын бастыру, жұдырық, саусақпен сурет салу, үрлеу тәсілі), сурет салуға қажетті құралдарды (мақталы таяқтап, паралон, шаблон, трафарет, балауыз шамы, көмір, тіс щеткасы, вош қарындаш, бояулар және т.б.) қолдана отырып сурет салуға үйрету.

Үйірмеде вариативтік оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қажетті материал:

- акварель бояуы, гуашь, воскті және майлы боялар, балауыз шамы;
- мақталы таяқша, коктейль түтікшелері;
- поролон, тіс щеткасы, мата салфеткалар;
- су құюға арналған ытакан және т.б;
- картоннан жасалған трафареттер;
- қылкалам қоюға арналған құты;
- қатты, жұмсақ, жалпақ, жіңішке қылкаламдар.

Күтілетін нәтиже:

- Сурет салу іскерлік дағдыларын меңгерту балалардың заттық тақырыпта сурет салу дағдыларын бекітеді;
- Бірнеше заттарды бейнелеп мазмұнды сурет салуға, композиция құра білуге үйренеді;
- Бояу қарындантар, акварель бояу мен қылкаламды пайдаланудың әліс-тәсілдерін меңгереді;
- Сүйкей жағу, қылкалам ұшын тік бағыттау, жоғарыдан төмен қарай, солдан оңға қарай біртіндеп жүйелі тегіс бояу, сулау (дымқылдау) тәсілі, үрлеу тәсілі, бояуды шашырату арқылы сурет салу, үзіліссіз сызу, тамшы бояумен бейнелеу келтіру, таяқшамен, саусақпен, қауырсынмен сурет салу тәсілдерін, қос бүктеп беттестіру арқылы симметриялы заттардың суретін салуды үйренеді;
- Балалар қылкаламды еркін ұстап сызықты жіңішке, жуан, жалпақ түсіруге, бояуды қалыңдау жағу үшін қылкаламды көлбеу ұстап қаттырақ басу, сызықтың түрлеріне қарай бағытын өзгерту, қолдың қимыл қозғалысы мен көз мөлшерінің үйлесімділігін дамиды;
- Суреттің барлық бөлігін біркелкі бояуды үйренеді;
- Бояу түстерін тандап үйлесімді бере білуге дағдыланады;
- Бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдарын меңгеріп, сурет салуға деген қызығушылығы артады;
- Баланың көркем өнер туралы білімі қалыптасады;
- Шығармашылығы дамиды;
- Авторлық бағытта бейнелей біледі;
- Отбасы және балабақша арасында ынтымақтастық орнайды;
- Балалардың іскерлік қабілеті дамып, эстетикалық талғамы артады;
- Бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншіліктері оянады;
- Балалар бірқатар графикалық және кескіндемелік білім мен дағдыларды меңгеріп, қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды таныта білуге үйренеді;
- Жеке басының табандылық, мақсаттылық, ұқыптылық, еңбекеуігіштік сияқты қасиеттері қалыптасады;

Вариативтік компонент «Сықырлы бояулар!
Оқу қызметінің тақырыптық жоспары.

	Р/с	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Керекті құралдар	Сағат саны, күні
Қыркүйек	1.	Сурет салу неден басталады	Өз тәжірибелеріне сүйеніп сурет салу. Сурет салуға қажетті құралдармен (мақталы таяқша, паралон, шаблон, трафарет, бояулар және т.б.)	Ақ парак, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар	1 3.09
	2.	Кемпіркөсак	Кемпіркөсактың суретін салу. Жылы және суық түстермен таныстыру. Хроматикалық (түстің сарыны, қанықтылығы және ашықтылығы) және ахроматикалық (ақ, кара, сұр) түстер туралы білімдерін кеңейту.	Ақ парак, гуашь, қылқалам	1 10.09
	3.	Гүлге арналған құмыра	Қарапайым өрнектермен құмыраны безендіру. Трафаретті пайдалану арқылы паралонмен сурет салуға үйрету. Өрнектерден композиция құру іскерлігін жетілдіру.	Дөңгелек немесе сопақ пішінді қағаз, қарындаш, паралон, гуашь, трафарет	1 17.09
	4.	Құмырадағы астра гүлі	Өзіндік ерекшелігін бере отырып затқа карап сурет салуға үйрету. Гүл мен құмыраның пішінін, көлемін, жапырағының пішінін нақты бере білу. Композиция құра білу сезімін дамыту. Сурет салу кезінде салған суреті мен үлгінің түстерінің сәйкес келуіне мән беру.	Құмырадағы астра гүлі, қағаз, бояу, қылқалам	1 24.09
Қазан	5.	Күзгі ағаштар (Монотипия)	Жапырақтарды пайдалана отырып күзгі ағаштардың суретін салуға үйрету.	Ақ парак, гуашь, қылқалам	1 1.10
	6.	Портрет .	Бейнелеу өнерінің негізгі жанры портретпен таныстыру . Портрет салуға үйрету	Ақ парак, қарындаш	1 8.10
	7.	Алтын күз (шашырату тәсілі)	Пейзажбен (Левитан), және грабарьмен(Шишкин) таныстыру. Ағаштың «дінін мақталы таяқшамен, жапырақтарын шашырату тәсілін	Ақ парак, бояу, мақталы таяқша, тіс щеткасы	1 15.10

			колданып сурет салу		
	8.	Жемістер мен көкөністер. Натюрморт	Бейнелеу өнерінің негізгі жанрының бірі натюрмортпен таныстыру. Балауыз шаймен сурет салу іскерлігін жетілдіру.	Ақ парақ, бояу, балауыз шамы, үлгі	1 22.10
	9.	Табақты өрнектейміз. Декоративті сурет салу.	Декоративті сурет салуға үйрету. Декоративті сурет салу іскерліктерін жетілдіру.	Дөңгелек пішінде қиылған ақ парақ, бояу, қылқалам, үлгі	1 29.10
	10.	Декоративті тарелка Дымковты ат	Декоративті сурет салуға үйретуді жалғастыру. Мақталы таяқшамен түрту тәсілін қолдана отырып сурет салуды бекіту. Өрнектерді түстеріне қарай үйлесімді орналастырып салуға үйрету.	Дөңгелек пішінде қиылған ақ парақ, бояу, қылқалам, аттың силуеті, үлгі	1 19.11
	11.	Декоративті тарелка. Ертегі құсы	Декоративті сурет салуға үйретуді жалғастыру. Мақталы таяқшамен түрту тәсілін қолдана отырып сурет салуды бекіту. Өрнектерді түстеріне қарай үйлесімді орналастырып салуға үйрету.	Дөңгелек пішінде қиылған ақ парақ, бояу, қылқалам, құстың силуеті, үлгі	1 26.11
	12.	Аквариум	Алақанды бояуға батырып ақ қағаз бетіне қолын бастыру арқылы балықтың суретін бейнелей білуге үйретуді жалғастыру. Балықтың көзін, аузын, аквариум ішіндегі өсімдіктерді фламастерді пайдалана отырып аяқтау.	Ақ парақ, гуашь, фламастер, үлгі.	1 3.12
Желтоқсан	13.	Жабайы аңдар Түлкі, қасқыр, қоян, аю	Гуашпен сурет салу. Сурет салудың анималистикалық жанрымен таныстыру. Аңдардың кескіндемесінде, мүсінге және графикаға тән бейнесі бере білу. Бірізділікті, жүйелілікті сақтау	Ақ парақ, қарындаш, үлгі	1 10.12
	14.	Жаңа жылдық шырша	Алақан, жұдырық және саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру.	Ақ парақ, гуашь, қылқалам	1 24.12
Қаңтар	15.	Қысқы ағаштар Монотипия	Гуашпен сурет салу. Монотипия тәсілін қолданып сурет салуды үйретуді жалғастыру. Көрнекі-шығармашылық қабілетін дамыту.	Ақ парақ, гуашь, қылқалам	1 14.01

	16	Қысқы пейзаж	Шашырату тәсілін қолданып сурет салуға үйретуді жалғастыру. Сурет салу құралдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу	Ақ парақ, бояу, тіс щеткасы, тарақ, шаблон, үлгі	1 27.01
	17.	Аққала	Шашырату тәсілін қолданып сурет салуға үйретуді жалғастыру. Сурет салу құралдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу	Ақ парақ, бояу, тіс щеткасы, тарақ, шаблон, үлгі	1
Ақпан	18.	Құстар Торғай, тауыс	Сурет салудың анималистикалық жанрымен таныстыруды жалғастыру. Көмірмен сурет салу тәсілімен таныстыру. Құстардың нобайын келтіре отырып сурет салудың анималистикалық жанрын орындау.	Ақ парақ, көмір, үлгі	1 3.02
	19.	Гүл	Үрлеу тәсілі арқылы сурет салуға үйретуді жалғастыру.	Ақ парақ, бояу, трубочка	1 17.02
	20.	Менің сүйікті көйлегім (жейде)	Саусақпен сурет салу іскерлігін жетілдіру. Көйлекті қарапайым (печатка арқылы) өрнекпен безендіру. Безендіру кезінде үлкен өрнекті ортаға, кішкене өрнектерді шеттеріне орналастыру (гүл, жапырақ және т.б.).	Көйлек пен жейденің сипуі. Әр-түрлі печаткалар, гуашь, киімнің суреттері	1 24.02
Наурыз	21.	Көктемнің алғашқы гүлі бәйшешек	Воск қарындашымен сурет салуды жетілдіру. Бәйшешек гүлінің өзіндік ерекшелігін бере білуге үйрету. Түс туралы түсініктерін жетілдіру.	Воск қарындашы мен акварель, ақ қағаз, қылқалам	1 3.03
	22.	Гүлдеп тұрған шие ағашы	Гүлдеп тұрған шие ағашының суретін тұрту тәсілін қолдана отырып салуға үйрету.	Ақ парақ, бояу, мақталы таяқша	1 10.03
	23.	Анамның портреті	Портретпен таныстыруды жалғастыру. Сурет салудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы адамның бет-бейнесін бере білуге үйрету.	Ақ парақ, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар	1 17.03
	24.	Көбелектер (ұжымдық жұмыс)	Гупканы гуашьқа батырып трафаретпен көбелектің суретін салу. Ұжымда жұмыс істеуге тәрбиелеу. Шығармашылық қабілетін жетілдіру.	Ватман қағазы, трафарет, гупка, бояу	1 31.03
С					

Мамыр	25.	Еңбекқор ара	Воск қарындашы мен акварель бояуын қолданып мазмұнды сурет салуға үйрету. Сурет салу іскерлігін жетілдіру.	Воск қарындашы мен акварель, ақ қағаз, кылкалам	1 7.04
	26.	Теңіз түбінде	Алақанды бояуға батырып ақ қағаз бетіне қолын бастыру арқылы теңіз түбіндегі тіршілік иелерінің суретін бейнелей білу.	Ақ парак, гуашь, фламастер, үлгі.	1 14.04
	27.	Ғажайып құс	Дымковты сурет салу туралы білімін жетілдіруді жалғастыру. Түс туралы түсінігін, түстерді қабылдауын дамыту.	Ақ парак, гуашь, фламастер, құстың силуеті	1 21.04
	28.	Қайыңды тоғай	Балауыз шамымен және акварелді бояумен сурет салу іскерлігін жетілдіру. Қайыңды тоғайды қағаз бетінде нақты бейнелеу.	Балауыз шамы мен акварель, гуашь, қара қарындаш т.б	1 28.04
	29.	Жадырап жаз келді	Сурет салудың түрлі тәсілдерін қолдана отырып мазмұнды сурет салу. Сурет салуға деген ынта-жігерін ояту. Өз беттерінше сурет салудың тәсілін таңдау іскерлігін жетілдіру.	Ақ парак, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар	1 5.05
	30.	Орман (үрлеу әдісі)	Үрлеу әдісін қолдана отырып жаз мезгілінің көрінісін қағаз бетіне түсіруге үйрету. Көркемдік қабілеттерін дамыту. Ептілік, шығармашылық қабілеттерін арттыру	Ақ парак, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар	1 12.05
	31.	Жадырап жаз келді	Сурет салудың түрлі тәсілдерін қолдана отырып мазмұнды сурет салу. Өз беттерінше сурет салудың тәсілін таңдау іскерлігін жетілдіру.	Ақ парак, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар	1 19.05
	32.	Орман (үрлеу әдісі)	Үрлеу әдісін қолдана отырып жаз мезгілінің көрінісін қағаз бетіне түсіруге үйрету. Көркемдік қабілеттерін дамыту. Ептілік, шығармашылық қабілеттерін арттыру	Ақ парак, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар	1

Бекітемін: 
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 3.09.2021 ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: Сиқырлы бояулар

Тақырыбы: Сурет салу неден басталады?

Мақсаты: Өз тәжірибелеріне сүйеніп сурет салуға үйрету. Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетінде бейнелеу. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: Күз бейнеленген суреттер.

Билингвальды компонент: Күз-осень

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Ақ парак, гуашь және т.б сурет салатын құралдарды дайындау.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	-Балалар бізді қоршаған дүние қандай әдемі! Айналаға қарасаң заңғар ғимараттар мен сәулетті ескерткіштерді, саябақ пен шағын бақтарды, көшеде ағылған алуан түрлі машиналарды көреміз. Осылардың барлығы тартымды көріну үшін кім еңбек етеді? Әрине ол- суретші! Суретші біздің өмірімізге сұлулық сыйлайды. Кітаптардағы және мультфильмдердегі суреттерді суретші салады. Маталар мен ыдыстарды да безендіреді.	Балалар зейін қойып тыңдайды. -Суретші.
Ұйымдастыру іс-әрекеті	- Балалар, сурет салу неден басталады? Сендер қолдарыңа қарындаш алып сурет салуға кіріссіндер. Алдымен сендер қағаз бетіне сызық түсіресіндер. Сызықтар бір-біріне ұқсамайтын алуан болады. Мына суреттерге қарандаршы күзгі табиғат көрінісі бейнеленген. Ендеше балалар бүгін күздегі табиғаттың суретін саламыз. - Күз айларын атаңдаршы? - Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Суретпен жұмыс. Күз бейнеленген суретке қарап әңгіме құрату. - Балалар бүгін біз күздегі табиғатты бейнелейміз.	Балалар қолына қарындашты алып сурет салуды бастайды. Қыркүйек, қараша, желтоқсан. Күз мезгілі. Жанбыр жауады. Күн суытады. Жапырақтар сарғаяды. Балалар суретке қарап әңгіме құрайды. Балалар ағаштардың басындағы жапырақтарды, бұлтты, жауып тұрған

	Күзде ағаштардың басындағы жапырақтар сарғайып түсіп жатады,аспанды бұлт торлаған,жаңбыр тамшылай бастады,тәрбиеші балаларға әңгімелей отырып суретті салғызады. - Жаңбырды қылқаламның ұшымен саламыз. - Балалар бүгін біз не жайлы сурет салдық?	жаңбыр тамшыларын салады. Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді
Рефлексиялық түзету	- Оте жаксы,суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетінде бейнелейді,анық салады.

Бекітемін: *af*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «э» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 10.09.2021 ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: Сикырлы бояулар

Тақырыбы: Кемпіркосақ.

Максаты: Кемпіркосақтың суретін салу арқылы жылы және суық түстермен таныстыру. Түстер туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының әсемдігіне қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекіліктер: Кемпіркосақтың суреті.

Билингвальды компонент: Кемпіркосақ – радуга.

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Сурет салуға ақ парак, гуашь, қылқалам, су құйылған ыдыс, қолорамал дайындау.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Қуан шаттан! Қуан шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	Балалар шеңбер бойына тұрып өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастыру кезеңі	Балаларға кемпіркосақтың суретін көрсетіп, қайдан қашан көргендерін естеріне түсіреді. - Балалар кемпіркосақтың түстері қандай? - Балалар жылы түстерге қандай түстер жатады? Суық түстерге қандай түстер жатады? Тәрбиеші балаларға кемпіркосақтың суретін салуға тапсырма береді. - Тәрбиеші суретті салмас бұрын, кемпіркосақтың суреті альбом бетіне көлденеңінен орналасатындығын айтады. Паракты көлденеңінен пайдаланса көріністі толық сыйдыра алатындығын байқайды. Алдымен жай қарандашпен көкжиек сызығын алаңқайды сызып аламыз. Қағаздың жоғарды бөлігіне күн мен бұлтты саламыз. Содан соң кемпіркосақ түстерін бірден қылқаламмен саламыз. Қылқаламмен	Балалар суретке мұқият қарайды. Қызыл, қызыл сары сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. - Қызыл, сары, жасыл, көгілдір. - Көк, күлгін. Балалар суретті салуға тырысады. Балалар паракты

	салған суретті бастырып акварель бояумен доға түрінде бояп шығамыз.Алаңқайды, күн мен бұлттарды бояймыз.	кәлденсініне қояды. Қарындашпен кокжиексізығын сызады. Күн мен бұлтты салады. Акварель бояумен бояп шығады.
Рефлексиялық-түзету	Балалардың салған суреттерінен шағын көрме ұйымдастырады.Балалардың жұмыстарын талқылайды, бағалайды.	Балалар жұмыстарын көрмеге қояды.

Күтілетін нәтиже: Кемпірқосақтың суретін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай біледі.Доғал сызық сызуды игереді.

Бекітемін: 
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 17.09.2021 ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы: Үлге арналған құмыра.

Мақсаты: Қарапайым өрнектермен құмыраны безендіру. Трафаратты пайдалану арқылы поролонмен сурет салуға үйрету. Өрнектерден композиция құру іскерлігін жетілдіру.

Көрнекіліктер: Құмырадағы гүл.

Билингвальды компонент: Құмырадағы гүл.

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Дөңгелек немесе сопақша пішінді қағаз, қарындаш, поролон, гуашь, трафарет.

Мотивациялық-қозғаушылық	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-іденістік	Тәрбиеші жұмбақ жасырады. Өзі сондай нәзік Су құйсаң кетеді. Алақанын жайып. Тәрбиеші балаларға құмырадағы гүлдің суретін көрсетеді. Балалар қарындашын мыны құмырадағы гүл қандай әдемі, ал құмырадағы өрнектер ше? -Енді не балалар бүгін біз гүлге арналған құмыраны әшекейлеміз. -Тәрбиеші балаларға сопақша пішінді киылған ақ парак таратады. Ақ паракқа қарындашпен өрнектерді салып алады. Трафаратты пайдалана отырып поролонмен бояуды ұсынады. Тәрбиеші суретті өз еріктерімен салуды ұсынады. Сергіту сәті: Біз гүлдердей өсеміз Жапырағы жайқалған. Сабақтары саланы, Желге ырғалып шайқалған.	Жұмбақтың жауабын шешеді. -Гүл Балалар гүлдің суретіне мұқият қарайды. Ақ парактағы құмыраға қарындашпен өрнектерді салып алады да гуашьпен бояйды. Сергіту сәтін орындайды.
Рефлексиялық-түзету	Тәрбиеші балалардың суреттерін тексереді, мақтайды.	Балалар өздері салған суреттеріне баға береді.

Күтілетін нәтиже: Балалар трафаратты қолдана отырып құмыраны әшекейлейді.

Бекітемін *af*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова

Күні: 24.09.2021 ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы: Құмырадағы астра гүлі.

Мақсаты: Затқа карап сурет салуға үйрету. Гүл мен құмыраның пішінін, көлемін, жапырағының пішінін нақты сала білуге үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамыту. Қылқаламмен сурет салу әдісін үйрету. Эстетикалық сезімін қалыптастыру

Корнекіліктер: Құмырадағы астра гүлінің суреті.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: Қағаз, бояу, қылқалам дайындау.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғалыштық	Шаттық шеңбері. Мең арайлаң атқан таңды сүйемін Шуағын шашқан күнді сүйемін Аялаған анамды сүйемін Қоршаған бар әлемді сүйемін.	Өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық-тәрбиелік	Тәрбиеші балаларға ұнтаспадан гүлдер туралы әуезді ән тыңдитады Өңін мағынасын түсіне отырып Астра гүлінің әдемілігін, сұлулығын хош иісті болатынын сездіре отырып құмырадағы Астра гүлін суреттейді. Тәрбиеші балаларға гүлдің суретін салу жолдарын түсіндіріп, салып көрсетеді. Балалар жұмысты орындау тәсілдеріне сүйене отырып, тапсырманы орындайды. Тәрбиеші тапсырмалардың дұрыс орындалуын қалағалап, бақылайды. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық.. Қолымызды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып. Біз тынығып алайық.	Балалар әуенді тыңдайды. Астра гүлінің суретіне мұқият қарайды. Зейін қойып тыңдайды. Тапсырманы орындайды. Сергіту сәтін орындайды қимылмен көрсетеді.
Рефлексиялық-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылай келе таза, ұқыпты, дұрыс салған суреттер ісін бақылап, мақтау. Қорытындылау.	Балалар салған суреттерін көрсетеді.

Күтілетін нәтиже: Құмырадағы астра гүлінің суретін салады. Қылқаламды дұрыс қолданады.

Бекітемін *anf*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова

Күні: 1.10.2021 ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы: Күзгі ағаштар.

Максаты: Күзгі табиғаттың өзгерістерін байқай білуге және елестету арқылы жапырақтарды пайдалана отырып, күзгі ағаштың келбетін бейнелеуге үйрету. Көркемдік қабілетін дамыту. Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Корнекіліктер: Күзгі табиғат көрінісінің суреті.

Билингвальды компонент: Күзгі ағаштар

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Бояулар су ыдысы, қол орамал, қылқалам, жапырақтар дайындау.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Қарашы күз келді, күз келді. Сары алтын жауыпты іздерді. Құс біткен керуентүзеді Көңілсіз неліктен күз енді? Қара бұлт қабағын түйеді Бұталар боз қырау киеді Осы ма, осы ма күз деген Бақшаға баратын бізбенен.	Балалар өлең жолдарын айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Күзгі бақтың суретін көрсетіп, күзгі табиғаттың әдемілігі туралы әңгіме жүргізеді. Балалардан ағаштың пішініне сипаттама беруін сұрайды. Ағаштардың діңі жуан болады, бұтақтары жоғары қарап өседі. Ағаштардың бұтақтарындағы жапырақтардың азайғанын, жерде түсіп жатқан жапырақтардың көбейгенін әңгімелеп айтады. Жапырақтары күзде сары алтындай түске боялады, жер бетін басып қалады. Өлең жолдарын оқу: Жайдары күз жарқын күз Аяулы күз алтын күз Денге толды ең далам Дариядан жарқын күз. -Ыдысқа жасыл, сары түсті бояулар езіледі. -Түрлі пішінді жапырақтар тандап алынады. -Жапырақтардың бетіне жасыл, сары түсті бояулар жағылады. -Жапырақтарды қағаздың бетіне бастыру арқылы талдың бейнесін салу. Сергіту жаттығуы: Алтын сары күз келді (қолдарын жоғары көтеру) Жел мен жанбыр алып келді (қолды жапсырып, шапалақтау) Тырс, тырс, тырс (қолды шапалақтау) Жел мен жанбыр алып келді (қолды жоғары көтеріп, желмен шапалақтау)	Суретке қарайды, тыңдайды. мұқият әңгімені Өлең жолдарын жасыл, сары түсті бояуды езеді Жапырақтарға бояуды жағады. Қағаздың бетіне бастырып талдың бейнесін жасайды. Сергіту жаттығуын орындайды.

Рефлексиялық түзету	Балалардың жұмысын талдау, бағалау. Мадақтау.	Балалар жасаған жұмыстарын көрсетеді.
---------------------	---	---------------------------------------

Күтілетін нәтиже: Жапырақтарды қағазға бастыра отырып күзгі ағашты бейнелейді.

Бекітемін

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина

Мад «э» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова

Күні: 8.10.2021 ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы: Портрет.

Максаты: Бейнелеу өнерінің негізгі жанры портретпен таныстыру. Портрет жайында түсініктерін қалыптастыру, сурет салу барысында адамның бет аяғының суретін салуға үйрету мінез құлық ерекшеліктерін адамның сол сәттегі көңіл-күйін суреттеуге баулу. Адамның сыртқы келбетімен қоса: Портрет салуға, дұрыс орналастыра білуге баулу

Көрнекіліктер: Адамдардың бірнеше портреттері

Билингвальды компонент: Портрет-портрет

Алдын-ала жүргізілетін Ақ парак, қарындаш.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	Тәрбиеші балаларға қарындашты пайдалана отырып, дәстүрден тыс сурет салу тәсілін қолданып көркем бейнелер құрастыруға болатынын түсіндіреді. Портрет салу кезінде суретші оны әсерлі етуге тырысады. Портрет көрерменді өзіне тарту үшін ол кейіпкердің көңіл-күйін суреттейді. -Балалар, бүгін біз қасымызда отырған досымыздың портретін саламыз. -Сурет салмас бұрын досымыздың көңіл-күйін бақылаймыз. Тәрбиеші: ақ қағазға қарындашпен суреттің реттігін көрсетеді. -Портрет салудың ең маңыздысы адамның көзін, мұрынын, аузын дұрыс орналастыра білу.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға портрет салуды ұсынады. Ақ паракқа қарындашпен беттің көлемін салады және көздердің арасындағы қашықтық бір көзден үлкен болмауын түсіндіре отырып, беттің ортасына көздерін орналастырады. Көздің ішіне кішкентай қарашығын саламыз. Көздің үстіне қасты сызып бейнелейміз. Мұрынның ұшын қысқа сызықшамен бейнелейміз. Мұрынның ұшы мен беттің төменгі жағының ортасында ерін орналасқан. Жоғарғы еріннің формасы төменгі еріннен өзгеше. Жоғарғы ерінде екі толқын, төменгі ерінде бір толқын. Еріннен төмен иек. Басын, мойын беттен жінішке	

Бекітемін *anf*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі;Т.Сисенова

Күні: 15.10.2021 ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы: Алтын күз (шашырату тәсілі). Пейзаж.

Пейзажбен (Левитан Исаак), және гарбармен (Шишкин Иван), орыс суретшілерімен таныстыру.

Максаты:Ағаштың діңін мақталы таяқшамен, жалтырақтарын шашырату тәсілін қолданып сурет салуға үйрету.

Көрнекіліктер: Алтын күз бейнеленген суреттер.

Билингвальды компонент: Алтын күз –Золотой осень

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Ақ парак, бояу, мақталы таяқша., тіс щеткасы.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	Қарашы күз келді,күз келді Сары алтын жауыпты іздерді Құс біткен керуен түзеді Көңілсіз неліктен күз енді. Қара бұлт қабағын түйеді Бұталалар боз қырыау киеді Осы ма,осы ма күз деген Бақшаға баратын бізбенен.	
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар ,егер картинада табиғат бейнеленсе , бейнелеу өнерінің бұл жанры ПЕЙЗАЖ деп аталады. Пейзаж бейнелеу өнерінің әр түрінде кездеседі. Ол графика, кескіндеме,мүсін түрінде де болады.Оны бояумен,карындашпен,аппликация тәсілімен,тіпті жапсырып салуға болады.Орыс суретшісі,Иван Шишкин натурадан сурет салуды меңгерген.(И. Шишкиннің суреттері көрсетіледі). Левитан Исаак-орыс кескіндемеші суретшісі. «Алтын күз», «Көктем Үлкен су» т.б. тамаша пейзаждардың авторы. (Л.Исаактың суреттері көрсетіледі). Балалар, айналадағы табиғатты шынайы бейнелеу үшін көп жаттығуымыз қажет. Далада, орман ішінде Келе жатқанда аяғыңның астына қарасаң алуан түрлі шөптерді көресің.Ерінбей әрбір шөпті,әр бұтаны	Тәрбиешінің әңгімесін мұқият тыңдайды. Балалар мақталы таяқшаны бояуға батырып көкжиекті бейнелейді, ағаштарды салады.Сурет салғанда ағаш, діңінің төменгі жағынан бастап,жоғарыға қарай салу.Ағаш бөлігінің төменгі бөлігі жуандау,ал жоғарлаған сайын ақырындап жінішкере береді.Жапырақтар мен шөпті «күзгі түстермен »-сары,қызыл,қызыл

	қолыңа алып кара.Әрбір сызықтың иіріміне назар аудар.Егер сен аңғарымпаз болсаң,табиғат саған өз сырларын, сұлулығын ашады, басқа да көп нәрсеге үйретеді. Балалармен күзгі бақ бейнеленген суреттерді көрсете отырып осы үлгі негізінде мақталы таяқшамен өз беттерінше күзгі табиғатты салуды ұсынады. сары,қоңыр бояулармен шашырату тәсілі арқылы бояймыз. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық Қолымызды соғайық Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық.	
Рефлексиялық-түзету	Суретті жақсы салған балалар мақталып мадақталады.Салынған суреттер көрмеге қойылады.	

Күтілетін нәтиже: Күзгі көріністі мақталы таяқшамен салады. Шашырату тәсілімен бояйды

Бекітемін

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова

Күні: 21.10.2021 ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы: Жемістер мен көкөністер. Натюрморт.

Мақсаты: Бейнелеу өнерінің жанры Натюрмортпен таныстыру. Балауыз шаммен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Түстердің үйлесімділігін сезіну, көркемдік талғамын ой - қиялын дамыту. Дәстүрлі емес әдіспен сала білу шеберліктерін шыңдау.

Билингвальды компонент: Жемістер –фрукты, көкөністер –овощи.

Қажетті құралдар: Әр балаға жеке майшам, альбом беті, әр түсті майлы бояу (акварель) колсүртетін шүберек.

Корнекілік: Әдемі салынған жемістер мен көкөністердің натюрморт суреттері.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Суретте қозғалмайтын әр түрлі заттар бейнеленуі мүмкін. Суретшілер ыдыстарды, гүлдер мен жемістерді, көкөністерді, бейнелегенді ұнатады. Бейнелеу өнерінің бұл жанрын НАТЮРМОРТ деп атайды. Натюрморттың мазмұнына сәйкес оның құрамында адам кейпі, жан-жануарлар бейнеленуі мүмкін. Натюрморттың екі түрі бар. Әдемі, сәнді заттарды бейнелейтін натюрморттар. Мұнда заттар өз сапасын ерекшелігін көрсетеді. Екіншісі заттарды қолданған адамдар жайында сыр шертетін натюрморттар. – Балалар қараңдаршы қандай керемет салынған жемістер мен көкөністердің суреттері.	Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Суреттерге мұқият қарайды.
Ұйымдас тырушылық- іденистік	-Балалар бүгін біз жемістер мен көкөністерді балауыз шаммен саламыз. Ыдысқа әр түрлі бояу езіледі. Ақ қағаз бетіне балауызбен жемістер салынады. Қытқаламмен қағаз бетінің ашық жерлері боялады. Дидактикалық ойып; «Көкөніс пе, жеміс пе?» Балаларға көкөніс пен жемістің пішінін, дәмі, түрі, түсі жайлы айтылады. Мысалы: пішіні дөңгелек, түсі сары, қызыл, жасыл болады, дәмі	Балалар не екендігін табады.

	тәтті. Осындай атаулар арқылы балала не екендігін табады. Сергіту сәті. Пісіп тұрған алманың Тамсандырар бал дәмі сілкіп түсірме жерге, Ісіп тұрар маңдайың.	сілкіп
Рефлексиялық- түзетушілік	Суретті жақсы салған балалар мақталып малақталады.	

Күтілетін нәтиже: Балауыз шаммен жемістер мен көкөністерді салады.

Бекітемін. *af*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.29.10.2021ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Табакты өрнектейміз.

Мақсаты:Декоративті сурет салуға үйрету.Декоративті сурет салу іскерлігін жетілдіру.Сызықтар мен пішіндерді пайдаланып, алуан түрлі қызықты өрнектерді құрастыруға үйрету.Түстер мен реңктерді қабылдауын дамыту.

Көрнекіліктер: дөңгелек қиылған ақ парак , үлгі суреттер,

	Педагогтің іс әрекеті.	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Сыйлаймын мен әлемге шат күлкімді. Әлем маған сыйлайды шат көңілді. Тілеймін мен бүкіл адамзатқа Қуанышты көтеріңкі көңіл күйді.	Балалар өлең жолдарын айтады.
Ұйымдас-тырушылық-ізденістік	-Балалар суретші кез- келген затты әшекейлейді,оны декорациялау деп атайды.Декорациялаудағы ең маңызды бөлшек өрнек болып табылады. Сызықтар мен пішіндерді пайдаланып, алуан түрлі қызықты өрнектер құрастырады. Ендеше ,бүгін біз табакты өрнектейміз. Дөңгелек қиылған ақ паракка әр түрлі өрнектер салынып көрсетіледі. Балаларға табакты өрнектеуді ұсынады. Балалардың жұмысын қадағалап отырады. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып Гүлге ұқсап демаламын Қанатымды бір қағып Гүлдей болып жайқаламын.	Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды. Мүқият Табакты өрнектейді. Сергіту сәтін орындайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың жұмысын талдау талқылау. Мадақтау.	Балалар жасаған жұмыстарын көрсетеді.

Бекітемін. *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.19.11.2021ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»

Тақырыбы: Декоративті тарелка. Дымковты ат

Максаты: Декоративті сурет салуға үйретуді жалғастыру. Мақталы таяқшамен түрту тәсілін қолдана отырып сурет салуды бекіту. Өрнектерді түстеріне қарай үйлесімді орналастырып салуға үйрету. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөліңізу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Корнекіліктер: Дымков ойыншықтарының суреттері.

Билингвальды компонент: Ат-лошадь

Керекті құрал-жабдықтар: Дөңгелек пішінде қиылған ақ парак, бояу, қылқалам, аттың силуеті, үлгі

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері Қайырлы күн, жер ана, Қайырлы күн ,көк аспан Қайырлы күн, маған Қайырлы күн, саған Қайырлы күн, балалар Қайырлы күн, мұғалім -балалар сендер қолдарыңнан ұстап тұрғанда не сезіп тұрсыңдар? -Жылулық. -сндеше осы жылуымызды , бір-бірімізге сыйлайық. (балалардың тілегі. Мен саған бақыт тілеймін.)	Балалар өлең жолдарын айтады, бір-біріне жылу сыйлайды
Ұйымдастыру ізденістік	Өңгімелесу Дымков ойыншықтары туралы түсінік беру. Қазақстан жерінде тұратын ұлттардың бірі – орыс халқының тамыры терең мәдениетіне тоқталып көрсейік. Дымков кәсіпшілігі – Ресейдегі саз балшықтан ойыншықтар жасайтын ең ірі орталық. Әрине, бұл сөссіз ең танымал және әйгілі кәсіпшіліктің түрі. Бұл кәсіпшілік Вятка деген ескі қалада орын тепкен. Бұрын ерте заманда Вятка тұрғындары көктемде «Свистопляска» атты той жасайтын болған. Бұл мерекеге арнап көзешілер саз балшықтан жасалған ойыншық ысқырықтар, дөңгелек сылдырмақтар әзірленген. Кейінірек бұл кәсіп дами түсіп, көлемді өнеркәсіп пайда болды.	Балалар зейін қойып тыңдайды. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

	Ойыншықтар арнайы пештер мен ошақтарда күйдіріліп жасалды. Сондықтан саз балшықтан жасалған бұл ойыншықтар Дымков ойыншықтар («Дымков» - түгін) деген атау алған. Көзешілердің ойыншықтары әлі күнге өзінің оюларының анықтығы мен сұлулығын сақтап қалған. Көптеген элементтердің өзіндік мәні бар. Мысалы: көк түсті толқынды сызықтар – су, үзілген сызықтар – кесілген бөрененің дөңес шеті, ортасында жұлдызшасы бар шеңбер – Күн мен аспан денелері. -Балалар бүгін Дымковты аттың және тәрелкенің суретін түрту тәсілі бойынша саламыз. Балаларға түрту тәсілі бйынша аттық суретін салып көрсету. Балаларға суретті салуды ұсыну. Балалардың жұмысын қадағалап отыру, көмектесу.	Тәрбиешінің салған суретін карап отырады да өз беттерінше жұмыс жасайды. Балалар өздері салған суреттерін әнгімелейді.
Рефлексиялық-түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар. -Мынау қандай ойыншық?	Балалар қуанады. -Дымков ойыншығы

Күтілетін нәтиже: Декоративті сурет салады. Дымков ойыншықтары туралы біледі.

Бекітемін. *с.ф*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина

Күні.26.11.2021ж.

Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы: Декоративті тарелка. Ертегі құсы

Мақсаты: Декоративті сурет салуға үйретуді жалғастыру. Мақталы таяқшамен түрту тәсілін қолдана отырып сурет салуды бекіту. Өрнектерді түстеріне қарай үйлесімді орналастырып салуға үйрету. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: Ертегі-сказка, құс-птица

Керекті құрал-жабдықтар: Дөңгелек пішінде қиылған ақ парак, бояу, қылқалам, құстың силуеті, үлгі

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Түрлі-түсті бояумен Әсемдеп біз жүрейік Бір-бірімізге Иіліп сәлем берейік.	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастыру ізденістік	Ұнтаспадан құстардың дауысын тыңдату. -Балалар ненің дауысын естіп тұрсыңдар? -Дұрыс құстардың дауысы. – Қандай құстарды білесіңдер? -Құстардың қандай пайдасы бар? -Олар нені қорғайды? Сергіту сәті: Қәне канат жазайық, қарлығаш болып ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық. Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық, Сауысқан болып секіріп, тоқылдақ болып шоқиық -Құстар – адамның көмекшісі. Көктем, жаз және күз айларында олар құрт - құмырсқа, көбелек, өрмекші сияқты жәндіктерден ороманды, бау - бақшаларды тазартады. -Балалар бүгін біз ертегі құсының суретін саламыз. Мақталы таяқшамен түрту тәсілі арқылы саламыз.	Құстардың дауысы Балалардың жауаптары тыңдалады Қимылдар жасайды Балалар зейін қойып тыңдайды. Өз беттерінше жұмыс істейді. Ертегі құсының суретін салады Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.

	Балаларға суретті салып көрсету. Балаларға ұсыну.	
Рефлексиялық- түзету	Педагог балалардың салған суреттеріне ерекше жылы көңілмен қарап, олардың құстарға деген қамқорлығын мақтайды. Қамқоршымыз құстарға, Табиғатты сүйеміз. Аялаймыз оларды, Жақсы көріп бәріміз.	Балалар қуанады. Өлең жолдарын бәрі бірге айтады

Күтілетін нәтиже: Құстарды бір-бірінен айырмашылығын ажырата білу, сұраққа толық жауап беруді игереді, құстың суретін сала біледі.

Бекітемін. *ef*
 Бастауыш оқу ісінін меңгерушісі, С.Нұрмолдина
 Күні.26.11.2021ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»

Тақырыбы: Аквариум

Мақсаты: Алақанды бояуға батырып ақ қағаз бетіне қолын бастыру арқылы балықтың суретін бейнелей білуге үйретуді жалғастыру.. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөліңізу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: балық-рыба

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парак, гуашь, фламастер, үлгі

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбер: Біз тамшымыз мұхиттағы, Бір теңіздің толқынымыз, Бізге келіңіз бізге келіңіз Сен және мен бірге бәріміз, Бір жанұя боламыз.	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастыру ізденістік	Сұрақ-жауап: -Балалар балықтар суда не істейді? -Біздің табиғат бұрышындағы балықтарымызды қарайық. -Олар қандай қимыл жасайды? -Біз оларды қалай күтеміз? Сергіту сәті. Тап-таза тынық суда, Балық жүзіп ойнауда, Біріне керіледі,біріне жиырылады, Біріне құмға тығылады. - Алақанды бояуға батырып ақ қағаз бетіне қолын бастыру арқылы балықтың суретін бейнелейміз. Балалар мен сендерге аквариум салып дайындап қойдым енді бұның ішіне не жетіспейді? Біз балалар бұл аквариумға алтын балықты саламыз. Дәстүрден тыс сурет салу техникасын балаларға түсіндіру. Бірінші қолымызға губканы гуашьқа батырып,алақанымызға жағамыз да,алдымызда тұрған ақ қағаздан жасалған аквариумның ортасына қолымызды бастыртамыз. Содан кейін оның тұмсығын,жүзбеқанаттарын,құйрығын саламыз. Сергіту сәті: Балықтарды аулаймыз, Ауды суға саламыз.	Балалардың жауаптары тыңдалады. Қимылдар жасайды Балалар зейін қойып тыңдайды. Балалар өз беттерінше жұмыс жасайды Қимылдар жасайды

	1,2,3,4,5; 1,2,3,4,5, Ауды қайта тартамыз, Балықтарды санаймыз.	
Рефлексиялық түзету	- Өте жақсы, суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Дәстүрден тыс сурет салу техникасын түсінеді
Композиция құра біледі. Аквариумдағы балықтардың ерекшеліктерін ажыратады

Бекітемін. 
 Бастауыш оқу ісінін меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.10.12.2022ж.
 Мад «Ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Аю.

Максаты:Аюдың өзіне тән ерекшеліктерін ажырта отырып суреттеуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін сала білуді жалғастыру.Шығармашылық қабілеттерін арттыру.Түстерді таңдай білуге машықтандыру.Сурет салу іскерлігін мен дағдыларын бекіту.

Керекті құралдар:Ақ парак, қарындаш,үлгі суреттер, гуашь, кылқалам, кол орамалдар, су құйған ыдыстар.

Билингвальды компонент: Аю-медведь

	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ жасыру. Балпаң балпаң басады, Қыр жотадан асады Паналайды үңгірді Іздемейді тасаны.	Балалар жұмбақтың жауабын шешеді. Аю.
Проблемалық -ізденістік	Балаларға үш аю ертегісін оқиды. Балаларға мойнына барабан ілген қоянның,бал толы бөшке көтерген аюдың суреттері көрсетіледі. - Балалар аю қайда өмір сүреді? -Аю нені жаксы көреді? - Аю қыста не істейді? -Ендеше, бүгін аюдың суретін саламыз Балаларға ақ парак, қарындаш беріледі. Балалар аюды қарындашпен ақ паракқа салады. Гуашпен қоңыр түске бояйды. Сергіту сәті.	Балалар ертегіні қызыға тыңдайды. Сурет арқылы балалар, аюды суреттейді. - Орманда. - Балды. -Аю қыста апанында ұйықтайды. Өлең жолдарына сәйкес

	- Аю қорбандайды. - Қоян секектейді. - Қасқыр қарғиды. - Түлкі бұлаңдайды.	қимылдар жасайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Суретті жақсы салған балалар мақталады. Қимылды ойын: «Бұл қай аң?» Суреттен түрлі аңдар көрсетіледі. Балалар сол аңның атын атап, ол туралы білетіндерін айтады, қимылмен көрсетеді. Максаты: Білімдерін бекіту, сергіту, көңіл күйлерін арттыру.	Өздері салған суретті талдайды. Ойынды қызыға ойнайды.

Күтілетін нәтиже: Қарындашпен аюды бейнелейді. Аюдың өзіне тән ерекшеліктерін ажыратады.

Бекітемін. *cf*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.10.12.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисснова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Қоян.

Мақсаты:Балаларға қоянның тыныс тіршілігімен таныстыру, қоянның үй жануарына жататынын түсіндіру.Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар:Ақ парақ, қарындаш, үлгі суреттер.

Билингвальды компонент:Қоян-заяц

	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, жұмбақ жасырады. -Балалар қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, кім бірінші жауабын табады екен. Далада жүр шапқылап, Керемет тым саққұлақ. Тек есектен басқа да, Оған ұқсар жоқ құлақ.	Балалар шебер жасап тұрады. -Қоян.
Ұйымдастырушылық ізденістік.	-Балалар, сендер қоян туралы ертегі білесіңдер ме? - Ендеше, сендерге «Қоянның құлағы неге ұзын?» деген ертегіні айтып берейін.Ертегінің желісі арқылы қоянның тіршілігімен таныстырып, қоянның шөпқоректі жануар екенін, сәбізді жақсы көретінін, оның денесі ұзын, қарғуға секіруге ыңғайлы болатынын балаларға сұрақ жауап арқылы әңгімелейді. Балалар, қоянның түсі қандай болады? -Иә, қыста ақ.Түсі көктемде,қыста маусымға қарай өзгеріп отырады. -Олай болса қазір біз екі топқа бөлініп жұмыс жасаймыз.	Балалар өздері білетін ертегілерін айтады. Ақ, сұр болады.

Рефлексивтік түзетушілік.	Тақтадағы үлгі суретке қарай отырып қоянның суретін салады.. Балалар қоянды ақ паракқа қарындашпен салады. 1-топ ақ түсті гуашинн бояймыз. 2-топ сұр түсті гуашпен бояймыз. Сергіту сәті. Ал балалар тұрайық Мойнымызды бұрайық Қолымызды созайық Жел сияқты қалықтап Оңға, солға иіліп Денемізді бұрайық. Суретті жақсы салған балалар мақталады, мадақталады. Салған ерін көрмеге қояды.	Қоянның суретін салады. Өлең жолдарына сәйкес дене қимылдар жасайды. Салған суреттерін талқылайды, көрмеге қояды.
---------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже: Қоянның суретін салады.Қылқаламен еркін бояйды

Бекітемін. *ef*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина

Күні.24.12.2021ж.

Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы:Жаңа жылдық шырша.

Мақсаты:Жаңа жылдық, мерекелік көңіл- күй туғызу. Дәстүрден тыс сурет салуды жалғастыру.Шыршаны алақан, саусақпен, жұдырық арқылы салуды үйрету.Қиялдау елестету, дағдыларын дамыту.Субояқпен, қылқаламмен дұрыс жұмыс істеуге үйрету.

Керекті құралдар: Ақ парақ, гуашь, қылқалам,су құйылған ыдыстар ,қол орамалдар.

Билингвальды компонент: Шырша-елка

	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс- әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Жаңа жылды қарсы алып, Барлық бала ән салып, Ақшақар жүр би билеп, Қол соғады барша жұрт. Шыршамыз да керемет, Ойыншықтар тағылған. Алыс жақтан келіп тұр, Аяз ата сағынған.	Өлең жолдарын қайталайды.
Проблемалық -ізденістік	- Балалар,Жаңа жылда бізге кімдер келеді. - Балалар Аяз ата мен Ақша қар келгенше біз нені безендіреміз? -Олай болса, Аяз ата мен Ақшақар келгенше шыршаның суретін салып безендіріп қояйық. - Балалар шыршаны саусақпен жасыл түсті бояуға батырып бейнелсейміз.Жұдырықпен ойыншықтарды салуға болады. Суретті салып көрсетемін.Түрлі- түсті ойыншықтарды қылқаламмен салып аяқтауға болады.	Аязата мен Ақшкар. Шыршаны. Балалар шыршаны саусақпен салады Ойыншықтарды жұдырықпен,қылқаламмен

		ың көмсігімен салады.
Рефлексивті- түзетушілік	Қорытындылау. Балалардың салған суреттері мекталады. мадакталанады.Балалардың еңбек нәтижесінде сәтті шыққан суреттерге ерекше тоқталып өтеміз.	

Күтілетін нәтиже: Жана жылдық мереке туралы мағлұматты біледі.
көңіл күйді жеткізетін түстерді таңдай білуді игергеді.

Мерекелік

Бекітемін.

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина

Күні.14.01.2022ж.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»

Тақырыбы: Қысқы ағаштар.(монотипия).

Бекітемін. *cf*
 Бастауыш оқу ісінін меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.14.01.2022ж.
 Мад «э» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Қысқы ағаштар.(монотипия).

Мақсаты: үйрету, жапырақсыз салу техникасымен салуды Қыстағы ағаштардың бейнесін бере білуді үйрету, жапырақсыз ағашты салу техникасымен таныстыру, эстетикалық талғамын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Дәстүрден тыс сурет салуды жалғастыру.

Керекті құралдар: Қыстағы жапырақсыз ағаш бейнесі. Ақ парақ, гуашь, қылкалам.

	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғатушылық	Шаттық шеңбері: Қайта қайта қар жауды Қыс келгеннің бейнесі Дала кезіп зар қағады Көбейген ау жел күші.	Балалар шеңбер бойына тұрып қимылмен орындайды.
Проблемалық -ізденістік	- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Біз қандай белгілерге қарап қыстың келгенін байқаймыз? - Қыста ағаштардың күйі қандай болады? - Мына суретте нені көріп тұрсындар? - Айнала неге оранған? - Балалар, қыстағы ағаштың күйі осындай. Жапырақтары түсіп бұтақтары ғана қалады. Қар жауғанда қардан тон киеді. - Ендеше, бүгін қысқы ағаштарды (монотипия) әдісімен саламыз. Салып көрсетеді. - Целлофанға немесе әйнектің бетіне қыстағы ағашты, қылкаламды гуашка батыра отырып, салады. Бояуы кеппей тұрып целлофанды аударып, суреті бар жағына қағазды	- Қыс. - Қар жауады, күн суытады. - Ағаштар тонып, бүрісіп тұрады. - Қар - Аппақ қарға.

	беттестіріп қойып, қолмен сипалайды. Целлофанды көтереді. Екі сурет пайда болады.	Суретті салады.
Рефлексивті-түзетушілік	Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үл-үлкен боп өседі.	Сергіту сәтін қимылмен көрсетеді.

Күтілетін нәтиже: Дәстүрден тыс тәсілімен сурет салуды меңгерген. Жұмысты орындау барысында ептілік пен тиянақтылықты меңгерген.

Бекітемін.

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі, С.Нұрмолдина

Күні. 27.01.2022ж.

Бекітемін. *cf*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.27.01.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Қысқы пейзаж.

Мақсаты: Шашырату тәсілін қолданып сурет салу. Пейзажбен таныстыруды жалғастыру. Табиғатты бейнелей білуге үйрету. Табиғатты қорғауға, аялай білуге тәрбиелеу.

Керекті құралдар: Қысқы табиғат бейнеленген суреттер. Ақ парак, бояу ,тіс щеткасы (мәсуек),үлгі суреттер.

	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Балаларды «Арқаға сурет салу» ойынын ойнауды ұсынады.Қыстағы табиғатты үйлердің, ағаштардың,көрінісін әңгімелеп естеріне түсіреді. Дәстүрден тыс әдісті қолданып сурет салуды ұсынады.	Балалар бірінін арқасына, бірі сурет салады.
Проблемалық -ізденістік	(Жұмысқа кіріспес бұрын үстелдің үстіне қағаз төсеп қою кекек) - ақ паракқа, қыстағы жапырақсыз ағаштарды, жапалақтап жауған қарды,төбесін қар басқан үйлерді салып қиып аламыз; * екінші паракқа қиылған суреттерді қоямыз; * сауытқа аздап бояу құйып, сумен еземіз. * тіс щеткасын, (мәсуекті) бояуға малып, сызғышты қылдың бойымен өзіне қарай жүргізіп, бояуды шашыратады; * үстіндегі қағазды алғанда бейненің орны ашылып,таза қалаады. Бояуды кептіру керек.Пастелді борлармен қажетті бөлшектерін салып,жұмысты аяқтайды.	Үстелге қағаз төсейді. Суретті салады, қайшымен қиып алып, бастырады. Тіс щеткасымен шашыратып,бояйды. Борлармен суретті аяқтайды.

Рефлексивті-түзетушілік	Сергіту сәті. Ал, балалар, тұрайық, Ою-өрнек сызайық «Түйегабан», «ботакөз» «Қойізі» мен «қосмүйіз» «Қаратұяқ», «тышқаніз» «Бұршік» пен «гүл» әдемі Ою-өрнек әлемі. Қылқаламды алайық Сәнді өрнек салайық. Суреттерді талдайды. Жақсы сурет салған балаларды мактайды.	Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен орындайды. Балалар суреттерін көрмеге қояды.
--------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже: Дәстүрден тыс сурет салу тәсілін меңгерген. Ұқыптылықпен жұмысты орындау барысындағы жинақылықты біледі.

Бекітемін. *cf*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні: 28.01.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Аққала

Мақсаты: Шашырату тәсілін қолданып сурет салуға үйретуді жалғастыру. Сурет салу құралдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөліңдіру.

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: аққала-снеговик

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парак, бояу, тіс щеткасы, тарак, шаблон, үлгі

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері Бір топ бала далада Қардан соқты аққала Мұрын сәбіз үп - үшкір Көзі көмір қалп - кара	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастыру іс-әрекеті	- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, шешесіңдер ме? Жұмбақ: Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы Қыста қардан туатын, Тауып көрші сен оны (Аққала) -Дұрыс, жарайсыңдар, балалар! Балалар, мына суреттерге қараңдаршы, бұл суретте не бейнеленген? -Аққала қандай геометриялық пішіндерден құралған екен? -Дұрыс! Аққаланың түсі қандай екен? -Дұрыс! Ал, аққаланы неден жасаймыз? Жылдың қай мезгілінде жасаймыз? - Жарайсыңдар, балалар! Сендер аққала туралы көп нәрсе біледі екенсіңдер. Бүгін біз сурет сабағында аққаланың суретін саламыз. Бірақ күндегідей қарындаштармен емес, жаңа тәсілмен саламыз. Тіс щеткасын шашырату тәсілі	Ия, шешеміз Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді. -Аққала! -Аққала бейнеленген. - Дөңгелектерден! - Ақ! - Қыста қардан жасап ойнаймыз!

	арқылы саламыз. Балаларға аққаланың суретін алып көрсету. Балаларға көмектесу. -Балалар, шаршалыңдар ма? Олай болса сергіту жаттығуын жасайық! Сергіту сәті: Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су болады қолғаптар. - Жарайсыңдар, балалар! Енді орындарыңа отырыңдар, бояған суреттеріңді көрейік. Кімнің суреті ең әдемі болды екен? Тәрбиеші жұмыстарын бір – біне көрсетіп, балаларды мадақтайды	Балалар аққаланың суретін салады. Балалар тәрбиешімен бірге сергіту жаттығуын орындайды. Балалар суреттерін көрсетеді
Рефлексия лық- түзету	-Балалар, біз бүгін ненің суретін салдық? - Аққаланы біз жылдың қай мезгілінде жасаймыз? Аққаланың түсі қандай болады екен? Денесі қандай геометриялық пішіндерден құралған? Аққаланы біз неден жасаймыз? Біз бүгін аққаланы қалай боядық? Сендерге ұнады ма?	-Аққаланың! Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына толық жауап береді

Күтілетін нәтиже: Шашырату тәсілі арқылы аққаланың суретін салады. Сурет салу құралдарын мүжіят пайдаланады.

Бекітемін. *cf*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.3.02.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»
 Тақырыбы: Құстар Торғай, тауыс

Мақсаты: Сурет салудың анималистикалық жанрымен таныстыруды жалғастыру.
 Көмірмен сурет салу тәсілімен таныстыру. Сурет салудың дәстүрлі,дәстүрден тыс әдіс-
 тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент:

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парак, көмір, үлгі

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. -Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөнгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз түсті болып келеді. Құстардың бәрі әдемі. Дегенмен сұлулығы жөнінен ешбір құсқа дес бермеймін дейтіндері де жоқ емес. Біз мына сұлулықты көріп отырып, бірінші мына құс әдемі. Жаратылыстың шеберлігіне еріксіз таңдай қағып, әлемдегі ең әдемі құс «Тауыс құсы» деп айта аламыз. Тауыс құсының орысша атауы – Павлин. Дүниедегі ең әдемі құс тауыс құсы екені талай рет айтылып та, жазылып та жүр. Үндістанда қасиетті құс саналған. (Құстардың суретін көрсету).	Өлең жолдарын айтады Балалар зейін қойып тыңдайды.
Ұйымдастыру ізденістік	- Балалар бүгін біз құстардың суретін саламыз. Құстардың суретін көмірмен саламыз. -Анималистік жанр – жан-жануарларды бейнелеген көркем шығарма. Ол латынның «animal» (хайуанат) деген сөзінен шыққан. Балаларға торғай мен тауыстың суретін салып көрсету. Балаларға қалаған құсының суретін салуды ұсыну.	

	Балалардын жұмыстарын қадағалап отыру. Балаларға көмектесу. Сергіту сәті: Көне, қанат жазайық Құс боп желмен ұшайық Ұшып-ұшып алайық, Ұямызға қонайық.	Балалар өз беттерінше сурет салады. Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді. Қимылдар жасайды
Рефлексиялық- түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Анималистік жанр туралы біледі. Көмірмен сурет салады.

Бекітемін. 
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.17.02.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»
 Тақырыбы: Гүл

Мақсаты: Үрлеу тәсілі арқылы сурет салуға үйретуді жалғастыру. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөліңдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: гүл-цветок

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парак, бояу, трубочка

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері Мейірімді жүрекпен, Ақпейілді тілекпен Амандасып алайық, Бір жадырап калайық! Жұмбақ Адамдардың бәрі қызығады, ұстай берсең сәні бұзылады. (Гүл) Гүлдердің түрлеріне қарай жұмбақтар ұсынуга болады. Педагог балаларға бақша, бөлме гүлдерін көрсетеді. Олардың аттарын айтып таныстырады.	Балалар өлең жолдарын айтады Гүл Суреттерге қарап, гүлдердің атын атайды
Ұйымдастыру ізденістік	-Гүлдерді не үшін сыйлайды? -Қандай гүлдерді білесіңдер? -Кімнің үйінде гүл өседі? -Гүлдерге қандай күтім жасау керек? -Балалар, бүгін біз үрлеу тәсілі арқылы гүлдің суретін саламыз. Балаларға үрлеу тәсілі арқылы гүлдің суретін салып көрсету. Сергіту сәті Шаршағанда ырғалып, (балалар орындарынан тұрып, жаймен тербеліп тұрады) Гүлге ұқсап дем алам (отырады) Қанатымды бір қағып (қолдарын жоғары көтереді) Гүлдей болып жайқалам (қолдарын жоғары көтереді)	Балалардың жауаптары тыңдалады Балалар өз беттерінше

		жұмыс жасайды Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексия ық- түзету	- Өте жақсы, суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Гүлдер – бізге қуаныш сыйлайды. Сурет салудың үрлеу тәсілін біледі.

Бекітемін.
 Бекітемін. *sf*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі, С.Нұрмолдина
 Күні.24.02.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»
 Тақырыбы: Менің сүйікті көйлегім (жейде)

Мақсаты: Саусақпен сурет салу іскерлігін жетілдіру. Көйлекті қарапайым (печатка арқылы) өрнекпен безендіре білуге үйрету. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: жейде-рубашка

Керекті құрал-жабдықтар: Көйлекпен жейденің сипуеті. Өр-түрлі печаткалар, гуашь, киімнің суреттері

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Қуанасың сен де, Қуанамын мен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге.	Балалар өлең жолдарын айтады.
Ұйымдастыру ізденістік	Балаларға жейде туралы түсінік беру. -Жейде (ерлер көйлегі). Киілуіне және маусымына қарай жейде түрлі маталардан және трикотаждан тігілуі мүмкін. Жейденің размерін мойын олшемі мен кеуде өлшемі арқылы анықтайды. Өр размерге жағанын белгілі бір өлшемі мен бойға байланысты ұзындық сәйкес келеді. Түрлі түсті матадан спорттық үлгідегі ерлер жейдесі. Кішкентай қайырма жаға. Кеудесінде сырылған жапсырма калта бар. - Балалар бүгін жейдені саусақпен өрнектейміз. Балаларға жейденің сипуетін таратып беру. Қолдарына перчатки кигізу. Балаларға жейдені өрнектеп көрсетеді. Балаларға бағыт беріп, көмектесу. Сергіту сәті Бойды сергек тік ұста Емін-еркін тыныста Он қолыңды сөз алға	Балалар тәрбиешіні зейін қойып тыңдайды. Балалар өз беттерінше жұмыс жасайды Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді. Қимылдар жасайды

	Қол ұшына қара да Үшбұрыш сыз алады Сол қол босқа тұрмасын Шенбер жасап түн басын.	
Рефлексия ық- түзету	- Өте жақсы, суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Саусақпен сурет салады. Жейде туралы біледі. Суретті ұқыпты салады.

Бекітемін. *с.ф*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні. 3.03.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Көктемнің алғашқы гүлі бәйшешек

Мақсаты: Воск қарындашымен сурет салуды жетілдіру. Бәйшешек гүлінің өзіндік ерекшелігін бере білуге үйрету. Түс туралы түсініктерін жетілдіру. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: бәйшешек-подснежник

Керекті құрал-жабдықтар: Воск қарындашы мен акварель, ақ қағаз, қылқалам

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ. Өзі сондай нәзік, Су құйсаң кетеді Алаканың жайып. (гүл)	Балалар жұмбақтың шешуін табады. -Гүл
Ұйымдастыру ізденістік	Балаларға бәйшешек гүлінің суретін көрсету - Бұл қандай гүл? - Бұлар көктем мезгілінде шығатын алғашқы гүлдер. - Гүлдер – туралы не білеміз? - Гүлдің пайдасы туралы не айтамыз? - Гүлді қандай жағдайда пайдаланамыз? - Гүлдер – туған еліміздің болашағы, олар оттегін бөліп шығарып, айналадағы ортаны жақсартады, ауаны шаң - тозаңнан тазартады. Гүл – сұлулық, гүл - әсемдік, гүл – нәзіктік. Олардың кейбіреулерінің емдік, дәрілік қасиеттері де болады. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз солға бір, Бұрыламыз оңға бір. Біздер тату баламыз, Гүл - гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасак, Жақсы сергіп қаламыз. -Балалар бүгін біз бәйшешек гүлін воск қарындашын пайдалану арқылы бейнелейміз.	Балалардың жауаптары тыңдалады

	Балаларға бәйшешектің суретін салып көрсету. Балаларға суретті салуды ұсыну. Балаларға көмектесу.	Қимылдар жасайды Балалар өз беттерінше жұмыс жасайды. Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексиялық- түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар. Шалғынды түрленген, Ойнаймыз, аунаймыз Өзіміз гүлдерден - Аумаймыз.	Балалар қуанады. Балалар өлеңді қайталайды.

Күтілетін нәтиже: Бәйшешек-көктемнің алғашқы гүлі. Воск карандашын пайдаланады.

Бекітемін. *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі, С.Нұрмолдина
 Күні.10.03.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»
 Тақырыбы: Гүлдеп тұрған шие ағашы

Мақсаты: Гүлдеп тұрған шие ағашының суретін түрту тәсілін қолдана отырып салуға үйрету. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент:

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парақ, бояу, мақталы таяқша

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері Балалар бір-бірінің қолын ұстап жылуын беріп сәлемдеседі. Қане, қатар тұрайық. Үлкен шеңбер құрайық. Жылуыма жылу қос. Енді менің қолым бос.	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастыру ізденістік	-Балалар сендер қандай жемістердің атауы білесіңдер? -Жемістердің қандай пайдасы бар деп ойлайсыңдар? -Жемістердің құрамында адам ағзасына қажетті дәрумендер көп екен, сондықтан жемістерді жеп жүру қажет. -Мына жемістердің түсі қандай? (Суретін көрсету).- Ал, балалар, ендеше бүгін біз шиенін гүлдеп тұрған суретін саламыз. Балаларға гүлдеп тұрған шие ағашының суретін	Алма, алмұрт, банан, жүзім, ананас, шие. Балалардың жауабы Алма-қызыл, алмұрт-жасыл, банан-сары, шие-қызыл т.б Балалар гүлдеп тұрған шиенін суретін түрту тәсілі бойынша бейнелейді. Балалар өздері салған

	түрту тәсілін қолдана отырып, суретті салып көрсетеді. Балаларға суретті салуды ұсынады. Сергіту сәті Жайқалады ағаштар, Бетімізге желеседі Кіп кішкентай балалар Үп-үлкен болып өседі. Біз гүлдерші өсеміз Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы Шелмен бірге жайқалған.	суреттерін әңгімелейді. Қимылдар жасайды
Рефлексиялық-түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар. Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Балалар түрту тәсілі арқылы сурет салады.

Бекітемін. 
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Күні: 17.03.2022ж.
 Мад «Ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»
 Тақырыбы: Анамның портреті

Мақсаты: Портретпен таныстыруды жалғастыру. Сурет салудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы адамның бет-бейнесін бере білуге үйрету. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: ана-мать

Керекті-құрал жабдықтар: Ақ парақ, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ жасыру Көк пен жердің арасын Айқын байқап бағалар. Табиғаттың ғажабын Кереметін айқындар. (Көз) Ти десең, тимейді. Тиме десең тиеді. (Ерін)	Балалар жұмбақтың шешуін табады
Ұйымдастыру ізденістік	Балаларға портрет туралы түсінік беру. Портрет – бұл адамды бейнелеу. Портретте адамның ұзына бойы, отырған қалпы немесе бет - пішіні ғана бейнеленуі мүмкін. Осы көріністің бәрі - портрет деп аталады. Яғни, жоғарыда айтылған портрет, орындалу тәсіліне қарай 2 түрге бөлінеді. Бір тұлғалы портрет және көп тұлғалы портрет. Портрет кескін көлеміне қарай - бас(иықтан жоғары), кеуде, белге дейін, тізеге дейін, бойды тұтас қамтитын портрет деген түрлерге бөлінеді. Портретті салу жолдары:	Балалар тәрбиешіні мұқият қойып тыңдайды.

	1. Бет кескінін доғалдау етіп саламыз, сосын оны көмекші сызықтар арқылы тігінен (симметрия осымен) теңдей екі бөлікке бөлеміз. Барлық көмекші сызықтар оңай өшірілу үшін жай қарындашпен жай басып, жіңішке етіп сызу арқылы салынатынын түсіндіру. 2. Сосын бас пішінін көмекші сызықтармен көлденеңінен өзара шамалас үш бөлікке бөлеміз. Доғалдау етіп сызылған бас пішінінің жоғарғы бөлігі - маңдай, ортанғы бөлігінде мұрын мен көз, құлақ, төменгі жағына ауыз бен иек түсіріледі. 3. Шашты салу кезінде шаш қою үлгісінің де өзіндік көлемі мен пішіні болатыны ескерілу керек. 4. Мойын мен иықты бейнелеуді аяқтап, киімін саламыз. 5. Портрет бояуын түсіреміз. -Ендеше, балалар Анамыздың портретін саламыз. Балаларға портрет салып көрсету.	Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексиялық- түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар. Шіркін сурет сабағы Ауылды еске салады. Мың құбылтып бояймыз, Туып өскен даланы. Сары бояу сарғалдақ, Қызыл бояу қызғалдақ. Жасыл бояу жайлауы, Іздеп келем армандап	Балалар қуанады. Балалар ән салады.

Күтілетін нәтиже: Портрет туралы біледі. Анасының портретін салады.

Бекітемін. *enf*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина

Күні.31.03.2022ж.

Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Сықырлы бояулар»

Тақырыбы: Көбелектер (ұжымдық жұмыс)

Мақсаты: Гупканы гуашқа батырып трафаретпен көбелектің суретін салу. Ұжымда жұмыс істеуге тәрбиелеу. Шығармашылық қабілетін жетілдіру. Сурет салудың дәстүрлі,дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру.

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент:

Керекті құрал-жабдықтар: Ватман қағазы, трафарет, гупка, бояу

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Жұмбақ жасыру. Бар екен бір мақұлық ұннан майда, Өз басын тігеді екен қиын жайға. Ұстасақ үгітіліп жоғалады, Дамылдап отырмайды ешбір жайға.	Балалар жұмбақтың шешуін табады. Көбелек
Ұйымдастыру ізденістік	-Көбелек қандай әдемі, көңілді. -Көбелектер не істей алады? -Көбелектер жазық далада, гүлден гүлге қонып, өсімдіктердің жапырақтарына жұмыртқалайды. Жұмыртқалары жұлдызкүртқа айналады. Олар жұпты аяқтарымен қозғалады. Жіпке оранып, қуыршақ пайда болады. Ол көбелектің үйі. Біраз уақыттан соң көбелек шығып, қанаттарын кептіріп, ұшады. Мұрттарымен иіс сезінеді. Көбелектер гүлдің шырынымен қоректенеді, көздерімен айналаны бағдарлайды. -Балалар, қазір біз барлығымыз көбелектердің суретін саламыз. Гупканы гуашқа батырып трафаретке көбелектің суретін саламыз. Балаларға көбелектің суретін салып көрсету. Балаларға ұсыну.	Ұшады , қонады, қалықтайды Балалар зейін қойып тыңдайды. Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.

	Сергіту сәті Көбелектер дос болайық, Көңілдірек қанекей. Бақта бізде гүлдер бар, Қане, ұшамыз бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз.	
Рефлексиялық- түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар. Ақ канатты көбелек, Көк канатты көбелек, Қызыл канат көбелек Бақшамызға келе кет. Гүлдер, гүлдер көктесін, Көбелектер көп келсін. Ақ канатты көбелек, Бақшамыздан кетпесін.	Балалар қуанады. Балалар өлең жолдарын айтады

Күтілетін нәтиже: Топ болып жұмыс істеу білуі. Гуашкамен сурет салады.

Бекітемін. *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.7.04.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»
 Тақырыбы: Енбекқор ара

Максаты: Воск қарындашы мен акварель бояуын қолданып мазмұнды сурет салуға үйрету. Сурет салу іскерлігін жетілдіру. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: ара-пчела

Керекті құрал-жабдықтар: Воск қарындашы мен акварель, ақ қағаз, кылқалам

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Жұмбақ жасыру Тыру-тыру тырналар. Тауға қарай жорғалар. (Ара) Алпыс тісті айдаһар, Ешқайда қадам баспайды. Қозғамасаң жатады, Ештеңеден саспайды. Ағаштан тамақ жейді екен, Жұтпай шайнап тастайды. (Ара)	Балалар жұмбақтардың шешуін табады
Ұйымдастыру ізденістік	-Ара енбекқор жәндік.Ол жас бойы гүлдердің нәрінен бал жинап,оны балауызына жеткізіп отырады. Құмырсқа енбекқор,қайсар жәндік.Ол өзінен үлкен дәнекті көтере алады.Құмырсқалар өздеріне шөп-шалам,сабаннан ұйып илеу жасап алады.Жас бойы илеуіне азық жинайды. Бал арасы Гүлден сорып бал жинап	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарын айтады. Қимылдар жасайды

	Терлеп жанын қинайды. Және өзіне жиганын. Адамдарға сыйлайды. -Балалар, бүгін біз еңбекқор араның суретін саламыз. Воск қарындашы мен акварель бояуын қолданып, араның суретін салып көрсету.	Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексиялық- түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Ара еңбекқор жәндік екенін біледі. Воск қарындашы мен акварель бояуын пайдаланып араның суретін салады.

Бекітемін. *enf*
 Бастауыш оқу ісінін меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні. 14.04.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Теңіз түбінде

Максаты: Алақанды бояуға батырып ақ қағаз бетіне қолын бастыру арқылы теңіз түбіндегі тіршілік иелерінің суретін бейнелей білуге үйрету. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөліңдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: теңіз-море

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парак, гуашь, фламастер, үлгі.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Теңіз Дакпыртына, даңқына, Ел тандайын қаккандай. Асығады жағаға. Бұйра толкын ақ маңдай. Пәті сұмдық күшті екен, Дауылдың бұл желіккен. Қай бағытта ұшты екен, Қасқалдақтар үріккен.	Балалар өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастыру ізденістік	- Кемемен қайда жүруге болады? - Суда, өзенде, мұқитта, теңізде. Жер бетіндегі барлық аламдардың тіршілігі теңіздермен, мұхиттармен тығыз байланысты. Теңіздер мен мұхиттардың бетінен көтерілген бу жауын - шашын болып жерге түседі. Біздің тыныстайтын оттегіміздің бірталай бөлігін бізге солар беріп отырады. Балық, краб, омар, теңіз ұлуы, теңіз капустаcы сияқты дәмді де нәрлі тамақ өнімдері осы теңіз бен мұхиттан алынады. Теңіздер мен мұхиттардың түбінен мұнай өндіріледі, теңіз суынан ас тұзын аламыз. - Теңіздің суй тұзды, оны ішуге болмайды. - Теңіздің түбінде балықтар өмір сүреді. Сергіту сәті Біз келеміз кемеде	Балалардың жауаптары тыңдалады. Тәрбиешіні зейін қойтыңдайды.

	Су бетінде тербеліп Соқса егер салқын жер Дем аламыз тыныстап. -Балалар, теңіз түбіндегі тіршілік иелерінің суретін салуды ұсанамын. Алақанды бояуға батырып ақ қағаз бетіне қолын бастыру арқылы теңіз түбіндегі тіршілік иелерінің суретін бейнелеу.	Қимылдар жасайды Балалар алақандарын бастырын сурет салады. Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексиялық- түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар. Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға қолың жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетін маңдайың Тазалықтың досы Су дегенің осы.	Балалар қуанады. Балалар өлең жолдарын айтады.

Күтілетін нәтиже: Теңіз туралы біледі. Теңіз түбіндегі тіршілік иелерінің суретін салады.

Бекітемін. *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.21.04.2022ж.
 Мад «э» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Ғажайып құс

Максаты: Дымковты сурет салу туралы білімін жетілдіруді жалғастыру. Түс туралы түсінігін, түстерді қабылдауын дамыту. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент:

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парак, гуашь, фламастер, құстың силуеті

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері Келді көктем қоныр салқын желімен, Келді көктем нұрын шашқан күнімен. Келді көктем қызыл, жасыл гүлімен, Келді көктем әлемі құс үнімен Жұмбақ жасыру Шарлап келіп даланы, Үйіме, үйін салады. (Қарлығаш) Су бетін сүзіп, Ақ құман жүр жүзіп. (Аққу) Түнде жортады, Жарықтан қорқады. (Жарқанат) Тақылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалап. (Тоқылдақ)	Балалар өлең жолдарын айтады. Жұмбақтың шешуін табады.
Ұйымдастыру ізденістік	Құстар бау- бақшаның сәні, бау- бақшаның емшілері. Құстар- біздің досымыз. Олардың сазды әуені табиғатты құлпыртып, адамдардың көңіл күйіне әсер етеді. Біздің халық ежелден- ақ құстарға әуес, оларға деген сүйіспеншілігін шексіз дәріптеп, ең жақсы көретін адамды құсқа теңеген. - Балалар, табиғатты құстарсыз елестету мүмкін емес. - Елімізде құстың түрі көп. Олар табиғатты зиянкестерден қорғайды. Сондықтан олар табиғат емшілері. Олар тіршілік иелері. Олар ұрпақ өрбітеді. Балаландарын қанаттандырып, жауларынан қорғайды. Құстар табиғатқа сән береді. Жыл құстары дегеніміз-	Балалар құстар туралы әңгімелейді. Балалар құстың суретін салады.

	салқын түссе жылы жаққа ұшып кетіп, көктемде қайта ұшып келетін құстар. -Балалар бүгін біз ғажайып құстың суретін саламыз. Балаларға құстың суретін салып көрсету. Балаларға ұсыну.	Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексиялық түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Құстардың пайдасы туралы біледі. Құстың суретін салады.

Бекітемін. *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.28.04.2022ж.

Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сықырлы бояулар»
 Тақырыбы: Қайыңды тоғай

Мақсаты: Балауыз шамымен және акварелді бояумен сурет салу іскерлігін жетілдіру.
 Қайыңды тоғайды қағаз бетінде нақты бейнелеу. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс
 әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: тоғай-роша

Керекті құрал-жабдықтар: Балауыз шамы мен акварель, гуашь, қара қарындаш т.б

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	Балалар зейін қойып тыңдайды.
Ұйымдастыру ізденістік	Балаларға тоғай туралы түсінік беру. Тоғай – шөл және шөлейт аймақтардың жайылма сулы өзен алаптарында өсетін орман. Шөлейт пен шөлдегі өзен аңғарында, кішігірім көл жағалауында ну тоғайлар өседі. Шағын тоғайлар ылғалы бар сайларда кездеседі. Тоғайда жидек көп. Өзен аңғарларында шабындықтар жайқалады. Тоғайда терек, тораңғы өседі. Сілеусін, борша тышқан, тиін — жануарлары, тоқылдақ, көкқарға, шымшық, жапалақ — орман қамқоршылары. Тоғай жануарлары бартоғай бұғысы, елік, қасқыр, түлкі. Қалың тоғайларда қырғауыл, мысықторғай, жамансары кездеседі. -Балалар бүгін біз балауыз шамды пайдаланып	Балалар тәрбиешіні зейін қойып тыңдайды. Өз ой-пікірлерін айтады.

	тоғайдың суретін саламыз. -Алдымен балауыз шаммен ақ қағазға тоғайдың суретін салып аламыз, сосын акварель боянын жағамыз. Балаларға тоғайдың суретін салып көрсету.	Балалар суретті салады. Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексиялық түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Балалар балауыз шаммен сурет салады. Тоғай туралы біледі.

Бекітемін. *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.5.05.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»
 Тақырыбы: Жадырап жаз келді

Мақсаты: Сурет салудың түрлі тәсілдерін қолдана отырып мазмұнды сурет салуға үйрету. Сурет салуға деген ынта-жігерін ояту. Өз беттерінше сурет салудың тәсілін таңдау іскерлігін жетілдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент: жаз-лето

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парақ, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Бұл қай мезгіл?» жұмбақ шешу. Барлық бала бұл мезгілді күтеді. Қызықтырар жайма-шуақ күндері. Қане, достым сәл ойланып сен тапшы, Жасырылды мезгілдердің қайсысы?	Жаз мезгілі
Ұйымдастыру ізденістік	- Алда қандай жыл мезгілі келе жатыр? - Жаз мезгіліне қандай айлар жатады? - Жазда қандай өзгешеліктер болады? - Ауа райы қалай өзгереді? Кіріспе әңгіме. Жазда табиғат ерекше күйде болады. Жанырақтар – жасыл болса, алқаптағы шөптер жап-жасыл болып, алқызыл гүлдер жайнап өседі. Күн ерекше жылып, адамдар, жәндіктер, құстар, жануарлар қызу тіршіліктерін жасайды, балалар жазғы демалысқа шығып алаңсыз ойнайды. Көктемде егілген кейбір жеміс-жидектер, көкөністер, бақша дақылдары піседі. Жаз келді жадырап, Гүл толы айнала. Сол гүлге айналып	Балалардың жауаптары тыңдалады. Жаз туралы әңгімелейді.

	Көбелек қонды жай ғана. Бакылап отырдым. Гүлдер тұр жайқалып. Тұрғандай көрінді, Гүлдер де ән салып. Жадырап жаз келді, Балалар мәз болды. Жер-ана боялып, Құшаққа гүл толды. Балаларға өз еріктерімен жаз мезгілінің суретін салуды ұсыну. Өздеріне ұнайтын тәсілдері бойынша салуга болатынды ескерту. Жаз мезгілінің суреттерін іліп қою	Балалар өлең жолдарын айтады. Балалар өздері салған суреттерің әңгімелейді.
Рефлексиялық түзету	- Өте жақсы, суретті тамаша салдыңдар.	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Таңдау жасай алады. Жаз мезгілін бейнелей алады.

Бекітемін. *cf*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.5.05.2022ж.
 Мад «а» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова

Білім беру саласы: Вариативтік компонент
 Бөлімі: «Сиқырлы бояулар»
 Тақырыбы: Орман (үрлеу әдісі)

Мақсаты: Үрлеу әдісін қолдана отырып жаз мезгілінің көрінісін қағаз бетіне түсіруге үйрету. Көркемдік қабілеттерін дамыту. Ептілік, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сурет салудың дәстүрлі,дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент:

Керекті құрал-жабдықтар: Ақ парак, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балалар шаттық шеңбер жасап амандасады Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабак шыту не керек? Көңілді боп жүрейік – деп бір біріне тілек айту. Тәрбиеші:Балалар менің қолымдағы ненің суреті? Балалар: Жүрек Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, кане жүрегімізден шығатын жылы сөздер айтайықшы.	Балалар өлең жолдарын айтады. Аспанымыз ашық болсын Күніміз жарқын болсын Еліміз тыныш болсын Нанымыз көп болсын Ата- анамыз аман болсын
Ұйымдастыру ізденістік	Орман –құрамында бір-біріне жақын өскен ағаштың бір немесе бірнеше түрлері бар табиғи кешен. Құрамы мен өсуіне қарай мәңгі жасыл, қылқанды, ақшыл қылқанды, күнгірт қылқанды, жапырақты, ұсақ жапырақты, жалпақ жапырақтық ормандар деп бөледі.Орманда жан-жануарлар мен құстар мекендейді. -Балалар балауыз шамды пайдаланып орманның суретін саламыз. Тәрбиеші суреттің салу жолын көрсетеді.	Балалар зейін қойып тыңдайды. Балалар өз беттерінше сурет

		салады. Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексиялық- түзету	- Өте жақсы,суретті тамаша салдыңдар. Сурет деген ғажайып Туындысы өнердің. Тәлім алып қалайық Қаламынан шебердің. Бетіне ақ қағаздың Жан бітірген – керемет. Таңдай қағып тұрасың, “Нағыз ғажап өнер” – деп.	Балалар қуанады. Балалар өлең жолдарын айтады.

Күтілетін нәтиже: Орман туралы біледі. Балауыз шаммен сурет салады.

Бекітемін. *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі. С.Нұрмолдина
 Күні.19.05.2022ж.
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі:Т.Сисенова
 Білім беру саласы: Вариазивтік компонент
 Бөлімі: «Сикырлы бояулар»
 Тақырыбы: Жадырап жаз келді

Мақсаты: Сурет салудың түрлі тәсілдерін колдана отырып мазмұнды сурет салу. Өз беттерінше сурет салудың тәсілін таңдау іскерлігін жетілдіру. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөліру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Көрнекіліктер: суреттер.

Билингвальды компонент:

Керекті құрал-жабдықтар: Ак парак, гуашь және т.б сурет салуға қажетті құралдар

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғалушылық	Жұмбақ жасыру Бау – бақшада барша жұрт Санкылдаған саз әні Көлде құстың базары Жидек пісіп толады Бұл қай кезде болады? (Жаз)	Балалар жұмбақтың шешуін табады.
Ұйымдастыру ізденістік	Жаз келіпті дегенше Алма пісті дегейсін Бақнамызда ендеше Алма теру көбейсін Жаз келіпті , қарандар Көлге үйрек , қаз қонды Асыр салып балалар Суға түсіп мәз болар -Жаз мезгілі несімен ерекше? -Өлеңде балалардың қандай әрекеті суреттелген?	Балалар өлеңді қайталайды. Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар өз еріктерімен сурет

	-Жаз айында ойналатын ойындарды ата. -Балалар, жаз мезгілінің суретін өз еріктерімен салғыларың келе ма? -Ендеше, қалаған тәсілдерің бойынша суретті салуды ұсынамын.	салады. Балалар өздері салған суреттерін әңгімелейді.
Рефлексиялық- түзету	- Өте жаксы,суретті тамаша салдыңдар. -Жазда қандай өзгерістер болады? -Бұл жыл мезгілі сендерге немен ұнайды? -Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады?	Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже: Жаз мезгілін ажырата алады. Өз қалаулары бойынша сурет салады.